

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысанын, Субсидиялау шартының, Кепілдік шартының, Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант беру туралы шарттың, Бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға грант беру туралы шарттың нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 6 наурыздағы № 18 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 11 наурызда № 18377 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 5 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 29.01.2020 № 5 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Жеке кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың кейбір шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгілік нысаны;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Субсидиялау шартының нысаны;
- 3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес Кепілдік шартының нысаны;
- 4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға грант беру туралы шарттың нысаны;
- 5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес Бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға грант беру туралы шарттың нысаны бекітілсін.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

- 1) "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгі нысанын, Субсидиялау шартының, Кепілдік шартының, Грант беру туралы шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 11 тамыздағы № 299 бұйрығы (Нормативтік

құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15674 болып тіркелген, 2017 жылғы 27 қыркүйекте Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған);

2) "Бизнестің жол картасы 2020" бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарттың үлгі нысанын, Субсидиялау шартының, Кепілдік шартының, Грант беру туралы шарттың нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2017 жылғы 11 тамыздағы № 299 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2018 жылғы 11 сәуірдегі № 148 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16824 болып тіркелген, 2018 жылғы 11 мамырда Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған).

3. Кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оны қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау туралы мәліметті Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрі*

Р. Дәленов

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

"Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы үлгі шарт

_____ қаласы 20__ жылғы "___" _____

Осы "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде субсидиялау және кепілдік беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт):

бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке алғанда "Тарап" деп не төменде көрсетілгендей аталатын

1) "Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі":

_____ атынан _____

негізінде

әрекет ететін _____

және

2) "Қаржы агенттігі":

"Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының атынан

_____ негізінде әрекет ететін _____

_____ арасында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары), "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде кәсіпкерлік субъектілерін ислам банктері қаржыландырған кезде ислам банктерінің кірісін құрайтын тауарларға үстеме бағаның бір бөлігін және жалдау ақысының бір бөлігін субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Ислам банктерінің қаржыландыруы кезінде субсидиялау қағидалары) және "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік

бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің кредиттері бойынша кепілдік беру қағидаларына (бұдан әрі – Кепілдік беру қағидалары) сәйкес жасалды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Бағдарлама шеңберінде экономиканың басым секторлары – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес экономиканың басым секторлары;

2) банк-төлем агенті – лизингтік компанияның/исламдық лизингтік компанияның уәкілетті банкі, ол қаржы агенттігімен келісіледі және лизингтік компанияның/исламдық лизингтік компанияның жобалар бойынша субсидияларды аудару мен есептен шығаруға арналған арнайы шотын жүргізу жөніндегі функцияларды жүзеге асырады;

3) бірінші бағыт – моноқалалар, шағын қалалар мен ауылдық елді мекендер кәсіпкерлерінің жаңа бизнес-бастамаларын қолдау;

4) екінші бағыт – экономиканың басым секторларында және өңдеу өнеркәсібі салаларында қызметін жүзеге асыратын кәсіпкерлерді/индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін салалық қолдау;

5) ислам банкі – лицензияның негізінде "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 4-1-тарауында көзделген банк қызметін жүзеге асыратын және Бағдарламаға қатысатын екінші деңгейдегі банк;

6) исламдық қаржыландыру бойынша субсидиялау – болашақта кәсіпкердің операциялық қызметіне жататын белгілі бір шарттарды орындау орнына қаржыландыру бойынша тауарға үстеме баға/ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын жалгерлік төлемнің бір бөлігі ретінде ислам банкіне/исламдық лизингтік компанияға кәсіпкер төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін пайдаланылатын кәсіпкерлерді мемлекеттік қаржылай қолдау нысаны;

7) исламдық қаржыландыру жөніндегі субсидиялау шарты – қаржы агенттігі, ислам банкі/исламдық лизингтік компания және кәсіпкер арасында жасалатын үшжақты жазбаша келісім, оның шарттары бойынша қаржы агенттігі кәсіпкерді ислам банкі/исламдық лизингтік компания берген қаржыландыру бойынша тауарға үстеме бағаны/ислам банкінің/исламдық лизингтік компанияның кірісін құрайтын жалгерлік төлемнің бір бөлігін ішінара субсидиялайды;

8) исламдық лизингтік компания – өз қызметін "Қаржы лизингі туралы" 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 2-1-тарауына сәйкес

жүзеге асыратын, акционерлік қоғам нысанында құрылған, банк болып табылмайтын Бағдарламаға қатысушы заңды тұлға;

9) қаржы агенттігінің уәкілетті органы – "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлық қоғамының ішкі актілерінде берілген кәсіпкердің жобасын субсидиялау мүмкіндіктері/мүмкін еместігі және тоқтатылуы/басталуы туралы шешімді қарау және қабылдау жөніндегі өкілеттіктер шегінде өз қызметін жүзеге асыратын, тұрақты әрекет ететін алқалы орган;

10) қаржылық лизинг шарты – лизингтік компания/банк/даму банкі және кәсіпкер арасында жасалған жазбаша келісім, оның шарттары бойынша лизингтік компания/банк/даму банкі кәсіпкерге қаржылық лизинг береді;

11) субсидиялар – қаржы агенттігі субсидиялау шарттарының/исламдық қаржыландыру жөніндегі субсидиялау шарттарының негізінде кәсіпкерлерді субсидиялау шеңберінде өтеусіз және қайтарымсыз негізде банкке/даму банкіне/ислам банкіне/лизингтік компанияға/исламдық лизингтік компанияға төлейтін мерзімді төлемдер;

12) субсидиялау – болашақта кәсіпкердің операциялық қызметіне жататын белгілі бір шарттарды орындау орнына кәсіпкер банкке/даму банкіне/лизингтік компанияға кредиттер/лизинг бойынша сыйақы ретінде төлейтін шығыстарды ішінара өтеу үшін пайдаланылатын кәсіпкерлерді мемлекеттік қаржылай қолдау нысаны;

13) субсидиялау шарты – қаржы агенттігі, банк/даму банкі/лизингтік компания және кәсіпкер арасында жасалған үшжақты жазбаша келісім, оның шарттары бойынша қаржы агенттігі кәсіпкердің банк/даму банкі/лизингтік компания берген кредиті/лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара субсидиялайды;

14) үшінші бағыт – кәсіпкерлердің валюталық тәуекелін төмендету.

Осы Шартта пайдаланылатын басқа терминдер мен анықтамалар Бағдарламада, Субсидиялау қағидаларында, Ислам банктерінің қаржыландыруы кезінде субсидиялау қағидаларында және Кепілдік беру қағидаларында айқындалған.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарттың талаптары бойынша Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі республикалық және (немесе) жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен субсидиялау мен кепілдік беру үшін көзделген қаражатты қаржы агенттігіне аударады.

3. Тараптардың құқықтары және міндеттері

3. Қаржы агенттігі:

1) осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуына бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

2) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің осы Шарт бойынша ақшалай қаражатты уақтылы аударуын бақылауға және талап етуге;

3) қаржы агенттігі Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне кәсіпкерлерді субсидиялауға арналған қаражатты аудару қажеттігінің туындағаны туралы хабарламаны жіберген жағдайда және хабарлама жіберілген күннен бастап бір ай ішінде қаражатты алмаған жағдайда Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінен қажетті қаражатты алғанға дейін банкке/даму банкіне/ислам банкіне/лизингтік компанияға/исламдық лизингтік компанияға субсидияларды аудармауға;

4) Субсидиялау қағидаларының 130-тармағында көзделген жағдайларда субсидиялар төлеуді тоқтатуға құқылы.

4. Қаржы агенттігі:

1) субсидиялар сомасын банкте/даму банкінде/ислам банкінде/ лизингтік компанияда/исламдық лизингтік компанияда банк-төлем агентінде ашылған арнайы ағымдағы шотқа аударуға;

2) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне кәсіпкерлерді субсидиялау үшін қаражат аудару қажеттігінің туындағаны туралы уақтылы хабарлауға;

3) әрбір кепілдік беру шартына қол қойылғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне тиісті жазбаша хабарлама жіберуге;

4) Бағдарламада көзделген мониторингті жүргізуге;

5) жергілікті бюджетте қаражат болған кезде кепілдік беру шартын жасауға;

6) бюджеттен субсидиялау үшін қаражат болған жағдайда кәсіпкердің құжаттарын қабылдауға және жобаларды қаржы агенттігінің уәкілетті органының қарауына шығаруға міндеттенеді.

5. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) қаржы агенттігінен Бағдарлама шеңберінде субсидиялауға және кепілдік беруге аударылған ақшалай қаражаттың игерілуі туралы ақпаратты сұратуға;

2) қаржы агенттігінен Бағдарлама шеңберінде субсидиялауға және кепілдік беруге аударылған ақшалай қаражаттың нысаналы пайдаланылуын талап етуге құқылы.

6. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) қаржы агенттігіне субсидиялауға арналған қаражатты қаржы агенттігі көрсеткен шотқа уақтылы аударуға;

2) субсидиялау үшін көзделген қаражат түскен кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қаражатты қаржы агенттігіне тиісті қаржы жылында Бағдарламаны

іске асыру үшін бөлінген соманың 50 %-ы мөлшерінде қаржы агенттігі көрсеткен шотқа аударуға және одан кейінгі төлемдерді қаржы агенттігінің өтінімдеріне сай жүзеге асыруға;

3) қаржы агенттігінен хабарламаны алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде кредиттерге кепілдік беру үшін көзделген қаражатты Кепілдік беру шартында белгіленген әрбір берілген кепілдік сомасының 20 %-ы мөлшерінде қаржы агенттігіне аударуға;

4) қаржы агенттігінің өтінімі алынған күннен бастап 1 (бір) ай ішінде төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарына өзгерістер енгізуге және субсидиялауға арналған қаражатты аударуға;

5) қаржы агенттігінің өтінімі болмаған жағдайда кәсіпкерлерді субсидиялауға көзделген қалған қаражатты төлеуді жүзеге асырмауға міндеттенеді.

4. Тараптардың жауапкершілігі

7. Осы Шартта Тараптардың әрқайсысы осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жауапкершілікте болады.

8. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі мен қаржы агенттігінің арасында тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15 күніне дейінгі мерзімде есептелген қаражат және осы Шарттың шеңберінде субсидиялау көлемі бойынша салыстырып тексеру актілеріне қол қойылады.

9. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі мен қаржы агенттігінің арасында тоқсан сайын есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 күніне дейінгі мерзімде есептелген қаражат және кепілдік беру көлемі бойынша салыстырып тексеру актілеріне қол қойылады.

5. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

10. Еңсерілмейтін күш жағдайлары – кез келген Тараптың Шарт бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара орындауы мүмкін болмайтын жағдайлар (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, форс-мажорлық жағдайлар). Бұл ретте еңсерілмейтін күш жағдайларының сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталады.

11. Егер Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайларының салдарынан Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны үшін немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

12. Еңсерілмейтін күш жағдайлары басталған кезде Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін орындауы мүмкін болмаған Тарап осындай жағдайлар басталған

кезден бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа осындай жағдайлар жөнінде уақтылы хабарлайды.

13. Уақтылы хабарлама болмаған кезде Тарап басқа Тарапқа хабарламаудың немесе уақтылы хабарламаудың салдарынан келтірілген залалды өтеуге міндетті.

14. Еңсерілмейтін күш жағдайларының туындауы Шартты орындау мерзімінің аталған жағдайлар әрекет еткен кезеңге сай ұзартылуын туындатады.

15. Егер осындай жағдайлар 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптардың әрқайсысы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

6. Дауларды шешу

16. Шартқа байланысты немесе одан туындайтын барлық даулар және келіспеушіліктер Тараптардың арасында келіссөздер арқылы шешіледі. Келіссөздер жүргізу арқылы реттелмеген даулар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

7. Шарттың талаптарын өзгерту

17. Осы Шарттың ережелері Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен өзгертілуі және (немесе) толықтырылуы мүмкін. Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған және мөрмен (болған жағдайда) бекітілген өзгерістер мен толықтырулар ғана жарамды және Тараптар үшін міндетті болып танылады.

8. Қорытынды ережелер

18. Тараптардың құқықтық мәртебесі өзгерген жағдайда Шарт бойынша және Шартты орындау жөніндегі барлық құқықтар мен міндеттер, оның ішінде туындаған даулар мен келіспеушіліктерді реттеуге байланысты туындаған құқықтар мен міндеттер Тараптардың құқықтық мирасқорларына беріледі.

19. Осы Шарт Тараптардың осы Шарттың нысанасына байланысты толық өзара түсіністігін білдіреді және олардың арасында Шарттың нысанасына қатысты болған барлық бұрынғы жазбаша немесе ауызша келісімдер мен уағдаластықтарды алмастырады.

20. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде ___ (_____) данадан әрқайсысының заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде ___ (_____) бірдей данада жасалды.

21. Осы Шарт барлық Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

22. Осы Шартта көзделмеген қалған барлық жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

9. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі (Қаржы агенттігі "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" Мемлекеттік мекемесі) акционерлік қоғамы

Қазақстан	Республикасы	Қазақстан	Республикасы
_____	қаласы _____	_____	қаласы _____
_____	көшесі _____	_____	көшесі _____
телефон _____	телефон _____	_____	_____
БСН _____	БСН _____	_____	_____
ЖСК KZ _____	ЖСК _____	KZ _____	_____
БСК _____	БСК _____	_____	_____
КБЕ _____	КБЕ _____	_____	_____
" _____ "	ММ " _____ "	" _____ "	А Қ
мөр орны _____	мөр орны (болған жағдайда) _____	_____	_____

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 бұйрығына
2-қосымша
Нысан

№ ____ субсидиялау шарты

_____ қаласы 20__ жылғы " __ " _____

Бұдан әрі "қаржы агенттігі" деп аталатын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының атынан _____ негізінде әрекет ететін _____ бір тараптан және бұдан әрі "банк/лизингтік компания" деп аталатын " _____ банкі/даму банкі/лизингтік компаниясы" акционерлік қоғамының жауапкерлігі шектеулі серіктестігінің атынан _____

— негізінде әрекет ететін _____ екінші тараптан және бұдан әрі "Алушы" деп аталатын _____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____

→

бірлесіп "Тараптар", ал жеке алғанда "Тарап" деп немесе жоғарыда көрсетілгендей аталатындар:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекітілген, "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау қағидаларына (бұдан әрі – Субсидиялау қағидалары);

"Қолжетімді кредит беру міндетін шешу үшін ұзақ мерзімді теңгелік өтімділікті қамтамасыз етудің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820 қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігіне (бұдан әрі – Тетік);

қаржы агенттігінің уәкілетті органы отырысының 20__ жылғы _____
№ _____ хаттамасына сәйкес осы субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта мынадай негізгі терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) Бағдарлама/Тетік шеңберіндегі экономиканың басым секторлары – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуішіне (бұдан әрі – ЭҚЖЖ) сәйкес экономиканың басым секторлары;

2) қаржы агенттігінің уәкілетті органы – Алушының жобасын субсидиялау мүмкіндігі/мүмкін еместігі және тоқтатылуы/қалпына келтірілуі туралы шешімді қарау және қабылдау жөніндегі ішкі актілерде оған берілген өкілеттіктер шегінде өз қызметін жүзеге асыратын тұрақты әрекет ететін "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамының алқалы органы;

3) қаржылық лизинг шарты – лизингтік компания/банк/даму банкі және кәсіпкердің арасында жасалған жазбаша келісім, оның талаптары бойынша лизингтік компания/банк/даму банкі кәсіпкерге қаржылық лизинг береді;

4) субсидиялау шарты – қаржы агенттігі, банк/даму банкі/лизингтік компания және кәсіпкердің арасында жасалған үшжақты жазбаша келісім, оның талаптары бойынша қаржы агенттігі банк/даму банкі/лизингтік компания берген кәсіпкердің кредиті/лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін ішінара субсидиялайды;

5) субсидиялар – қаржы агенттігінің субсидиялау шарттары/исламдық қаржыландыру бойынша субсидиялау шарттары негізінде кәсіпкерлерді

субсидиялау шеңберінде банкке/ислам банкіне/лизингтік компанияға/исламдық лизингтік компанияға төлейтін өтеусіз және өтелетін негіздегі мерзімдік төлемдері;

5) субсидиялау – кәсіпкердің банкке/лизингтік компанияға кредиттер/лизинг бойынша сыйақы ретінде төлейтін шығыстарын болашақта кәсіпкердің операциялық қызметіне жататын белгілі бір шарттарды орындауына айырбас ретінде ішінара өтеу үшін пайдаланылатын кәсіпкерлерді мемлекеттік қаржылық қолдау нысаны.

Осы Шартта қолданылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Бағдарламада, Субсидиялау қағидаларында/Тетікте айқындалады.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарттың талаптары бойынша қаржы агенттігі _____ (қаржы ұйымының атауы) алынған кредит бойынша Алушының сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялауды мынадай талаптарда жүзеге асырады :

Банктік қарыз шарты/Қаржылық лизинг шарты	_____ жылғы № _____
Нысаналы мақсаты	_____
Осы Шарт жасалған күндегі кредиттің/лизингтің сомасы	_____
Кредиттің/лизингтің валютасы	_____
Сыйақы мөлшерлемесі	_____
Кредиттің/лизингтің мерзімі	_____

3. Субсидиялау Субсидиялау қағидаларына сәйкес республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.

4. Банк/лизингтік компания осы Шарт жасалғаннан кейін қаржы агенттігіне мынадай құжаттарды:

1) өтеу кестесін қоса бере отырып, Алушымен жасалған банктік қарыз шартын/қаржылық лизинг шартын (лауазымды адамның қолымен және банктің/лизингтік компанияның мөрімен (бар болған жағдайда) расталған көшірме);

2) жаңа кредиттің/лизингтің берілгені туралы банктің/лизингтік компанияның анықтамасын не Алушының жаңа кредит/лизинг алуы фактісін растайтын құжатты ұсынады.

5. Субсидиялау Бағдарламаның/Тетіктің " _____ " (бағыттың атауы) _____ бағыты шеңберінде жүзеге асырылады.

6. Кредит/лизинг бойынша _____ мөлшеріндегі сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігі субсидиялануға тиіс, бұл ретте қаржы агенттігі төлейді, ал сыйақы мөлшерлемесінің _____ мөлшеріндегі бір бөлігін осы Шартқа қосымшаға (бұдан әрі – Қосымша) сәйкес нысан бойынша Субсидиялау

шартына өтеу кестесіне сәйкес сыйақы мөлшерлемесінің _____ мөлшеріндегі бір бөлігін Алушы төлейді.

7. Банк/лизингтік компания аударған және Алушы мерзімі өткен берешек бойынша төлемеген сыйақылар субсидияланбауы тиіс.

8. Субсидиялау үшін көзделген қаражатты аударуды қаржы агенттігі Қосымшаға сәйкес нысан бойынша Субсидиялау шартының өтеу кестесіне сәйкес банкте/төлем агентінің банкінде ашылған ағымдағы шотқа ай сайын аванстық төлемдермен жүзеге асырады.

9. Субсидиялау мерзімінің басталуы: ____ жыл.

10. Қаржы агенттігі осы Шартқа қол қойылғаннан кейін субсидияларды төлейді.

11. Тараптар осы Шарттың шеңберінде төлем жасалатын күн демалыс күніне немесе мереке күніне сай келген жағдайда төлем аталған күннен кейінгі жұмыс күні жасалады деп келісті.

3. Тараптардың құқықтары және міндеттері

12. Қаржы агенттігі:

1) осы Шарттың талаптарында субсидиялау үшін жеткілікті сомамен банкте/төлем агентінің банкінде ашылған ағымдағы шотты уақтылы толтыруға;

2) Мынадай:

субсидиялау жүзеге асырылатын кредитті мақсатсыз пайдалану;

кәсіпкердің субсидиялау жүзеге асырылатын қаржылық лизинг шарты бойынша лизинг нысанасын алмау;

жобаның және/немесе кәсіпкердің Бағдарламаның талаптарына және/немесе уәкілетті органның шешіміне сәйкес келмеу;

кәсіпкердің банктік қарыз шартына/субсидиялау шартына төлемдер кестесіне сәйкес банк алдындағы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай бойы орындамау;

кәсіпкердің қаржылық лизинг шартының төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес лизингтік компания/банк алдында лизингтік төлемдер жасау бойынша міндеттемелерді қатарынан 2 (екі) рет және одан да көп орындамау;

кәсіпкердің шоттарындағы ақшаға тыйым салу және/немесе кәсіпкердің шоты бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борышкерден лизинг нысанасын кері талап ету;

қаржы агенттігінің уәкілетті органы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін кәсіпкерлердің міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) әлеуметтік аударымдар жөніндегі деректердің негізінде кірістің және

жұмыс орындарының орташа жылдық санының 10 %-ға өсуіне қол жеткізу жөніндегі міндеттемелерін орындамау (Бағдарламаның бірінші бағыты шеңберіндегі кәсіпкерлердің жобалары бойынша, сондай-ақ Бағдарламаның екінші бағыты шеңберінде кәсіпкерлер – шағын кәсіпкерлік субъектілерінің жобалары бойынша);

салық есептілігі деректерінің негізінде жұмыс орындарының орташа жылдық санын сақтау және (немесе) ұлғайту және (немесе) қаржы агенттігінің уәкілетті органы шешім қабылдаған күннен бастап 2 (екі) қаржы жылынан кейін табыстың 10 % - ға өсуіне қол жеткізу Тетігі шеңберінде кәсіпкерлердің міндеттемелерін орындамау фактілері анықталған кезде субсидиялауды тоқтата тұруға;

3) уәкілетті органға есеп беру мақсатында кредиттер/лизинг бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау бөлігінде Бағдарламаның/Тетіктің іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асыруға;

4) Алушы жобасының Бағдарламаның/Тетіктің талаптарына сәйкес келмеуі және (немесе) кредит қаражатын мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған кезде Алушының төленген сыйақы сомасын өтеуін қамтамасыз ету шараларын, оның ішінде сот тәртібінде қолдануға міндетті.

13. Қаржы агенттігі:

1) Бағдарлама шеңберінде өңірлік үйлестірушіден/Бағдарлама/Тетік шеңберінде кәсіпкерлік бойынша уәкілетті органнан қаражат алынбаған жағдайда субсидияны аудармауға;

2) қаражаттың нысаналы пайдаланылуы тұрғысынан Алушыға тексерулер жүргізуге құқылы. Алушыдан кредиттің нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттар мен мәліметтерді талап етуге;

3) банктен/лизингтік компаниядан Алушы туралы, сондай-ақ Бағдарламаға/Тетікке қатысатын банктік қарыз шартының/қаржылық лизинг шартының іске асырылуы туралы құжаттарды және ақпаратты сұратуға және алуға;

4) банкке/лизингтік компанияға және Алушыға алдын ала жазбаша хабарлай отырып, банк/лизингтік компания мен Алушының арасындағы банктік қарыз шартында/қаржылық лизинг шартында көзделген құқықтардың шеңберінде Жоба іске асырылатын орынға жарты жылда кемінде 1 (бір) рет шығумен, жобаның және (немесе) Алушының Бағдарлама/Тетік талаптарына сәйкестігіне мониторингті, субсидиялау жүзеге асырылатын қаражаттың нысаналы пайдаланылуына мониторингті жүзеге асыруға;

5) уәкілетті органға есеп беру мақсатында осы Шарттың қолданылу мерзімі ішінде Бағдарламаны/Тетікті іске асыру шеңберінде Алушыдан оның қаржылық-шаруашылық қызметінің нәтижелері туралы қажетті мәліметтерді қосымша сұратуға;

6) осы Шартта белгіленген, Тараптар үшін көзделген Алушының міндеттемелерді орындау мерзімінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және Алушының оларды уақтылы орындауын талап етуге;

7) банкке/лизингтік компанияға жазбаша хабарлай отырып, олардың жедел қызметіне араласпай, банкке/лизингтік компанияға барумен осы Шарттың міндеттемелердің орындалуын тексеруді жүзеге асыруға;

8) жарнама науқанын жүргізген кезде, қаржы агенттігінің ресми сайтында ақпаратты орналастырған кезде осы Шартты орындау шеңберінде Алушыдан немесе банктен/лизингтік компаниядан алынған Алушы туралы ақпаратты пайдалануға, сондай-ақ Алушыдан алынған жазбаша келісіммен оны үшінші тұлғаларға беруге;

9) мынадай:

субсидиялау жүзеге асырылатын жаңа қаржыландыруды мақсатсыз пайдалануы;

кәсіпкердің субсидиялау жүзеге асырылатын исламдық лизинг шарты бойынша лизинг (жалдау) нысанасын алмауы;

жобаның және/немесе кәсіпкердің Бағдарламаның талаптарына және/немесе қаржы агенттігінің уәкілетті органының шешіміне сәйкес келмеуі;

кәсіпкердің қаржыландыру шартына төлемдер кестесіне сәйкес ислам банкі алдындағы төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемелерді қатарынан 3 (үш) ай ішінде орындамауы;

кәсіпкердің төлемдерді өтеу кестесіне сәйкес ислам банкі/исламдық лизингтік компания алдындағы лизингтік (жалгерлік) төлемдерді енгізу жөніндегі міндеттемелерді 2 (екі) және одан көп рет қатарынан орындамауы;

кәсіпкердің шоттарына тыйым салынуы;

Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда борышкерден лизинг (жалдау) нысанасын талап ету фактілерін анықтау негізінде субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда осы Шартты соттан тыс біржақты тәртіппен мерзімінен бұрын бұзуға құқылы.

14. Алушы:

1) банктік қарыз шарты/қаржылық лизинг шарты бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық көлемде орындауға;

2) банктік қарыз шартына/қаржылық лизинг шартына сәйкес банкке/лизингтік компанияға субсидияланбайтын сыйақы мөлшерлемесі бөлігінде сыйақыны өтеу кестесіне сәйкес төлеуге;

3) қаржы агенттігіне жазбаша сұрау салу бойынша кредиттің нысаналы пайдаланылуына, жобаның және (немесе) Алушының Бағдарламаның/Тетіктің талаптарына сәйкестігіне жобаның іске асырылатын аумағында тексерулер жүргізу құқығын беруге;

4) қаржы агенттігінің жазбаша сұрау салуы бойынша Бағдарламаның/Тетіктің , банктік қарыз шартының/қаржылық лизинг шартының және осы Шарттың талаптарын орындауға байланысты құжаттар мен ақпаратты беруге;

5) Тараптардың алдын ала жазбаша келісімінсіз осы Шарттың талаптары және оның іске асырылуы туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға бермеуге және жария етпеуге;

6) осы мемлекеттік қолдау көрсетілетін қызмет түрлерінің айырмашылығы болған жағдайда, осы Шарт жасалған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күні ішінде статистика органдарында тиісті ЭҚЖЖ беруге және қаржы агенттігіне хабарлауға;

15. Алушы:

1) қаржы агенттігінен банкке/лизингтік компанияға субсидияланатын сыйақы мөлшерлемесі бөлігінде субсидиялар төлеуді талап етуге;

2) субсидиялау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік 75 (жетпіс бес) күннен кешіктірмей банкке/лизингтік компанияға субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзартуға өтінім беруге құқылы;

3) Бағдарламаның/Тетіктің іске асырылуына мониторинг жүргізу үшін қаржы агенттігіне Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінен Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес салықтық құпия болып табылатын мынадай:

қаржы агенттігінің кірістің өсу серпінін айқындау үшін кәсіпкердің кірістері;

қаржы агенттігінің жұмыс орындарының орташа жылдық санының өсуін айқындау үшін кәсіпкердің жұмыскерлерінің саны;

қаржы агенттігінің бюджетке төленген салықтардың ұлғаюы серпінін айқындау үшін кәсіпкердің төлеген салықтарының сомасы туралы мәліметтерді қаржы агенттігіне ұсынуға келісім беру туралы өтініш береді.

16. Банк/лизингтік компания:

1) осы Шарт жасалғаннан кейін осы Шарттың қолданылуының барлық мерзімінде Алушының кредиті/лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесін ұлғайтпауға;

2) осы Шарт Субсидиялау қағидаларында көзделген мерзімде уақтылы жасалмаған жағдайда кідірту себептерін түсіндіре отырып, ресми хатпен қаржы агенттігін хабардар етуге;

3) қаржы агенттігінің тиісті хабарламасының негізінде Алушының жобасы бойынша қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан субсидиялардың сомасын ай сайын есептен шығаруды жүзеге асыруға міндетті, бұл ретте банктің/лизингтік компанияның шоттардағы қаражаттың ағымдағы жалпы қалдықтарын есептен шығаруға құқығы жоқ. Кәсіпкер кредит/лизинг бойынша жоспарлы төлемді нақты өтеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз күн) өткеннен кейін сыйақы

мөлшерлемесінің субсидияланатын бір бөлігін өтеу үшін қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан субсидиялар сомасы есептен шығарылған жағдайда қаржы агенттігінің талабы бойынша банк/лизингтік компания қаржы агенттігіне 100 (жүз) айлық есептік көрсеткіш (бұдан әрі – АЕК) мөлшерінде айыппұл төлейді;

4) Алушы кредит/лизинг бойынша төлемді уақтылы өтемеген жағдайда, оның ішінде сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бір бөлігін уақтылы өтемеген жағдайда немесе Алушы 3 (үш) ай қатарынан (қаржылық лизинг шарты бойынша қатарынан 2 (екі) және одан көп рет) банктің/лизингтік компанияның алдында төлемдерді төлеу бойынша міндеттемелерді орындамаған жағдайда, Алушы берешекті өтегенге дейін сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бір бөлігін өтеу үшін қаржы агенттігінің ағымдағы шотынан қаражатты есептен шығаруды жүргізбеуге және бұл туралы қаржы агенттігіне 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабарлауға міндетті. Хабарламаған/осы тармақшада көзделген жағдайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін хабарлаған жағдайда, қаржы агенттігінің талабы бойынша банк/лизингтік компания қаржы агенттігіне 100 (жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді;

5) Алушының кредиті/лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін субсидиялау тоқтатылған, Алушының кредиті/лизингі бойынша негізгі борышы мерзімінен бұрын ішінара/толық өтелген жағдайда, 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қаржы агенттігіне өзара есеп айырысулардың салыстырып тексеру актісін беруге міндетті. Бұл ретте банк/лизингтік компания салыстырып тексеру актісінде іс жүзінде есептен шығарылған субсидиялардың сомасы мен күндерін көрсетеді, ал қаржы агенттігі субсидиялардың аударылған сомасы мен күндерін көрсетеді. Хабарламаған/Алушы негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн өткеннен кейін хабарлаған жағдайда, қаржы агенттігінің талабы бойынша банк/лизингтік компания қаржы агенттігіне 100 (жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді;

6) Алушы субсидиялардың сомасын дербес төлеген жағдайда, кейін қаржы агенттігі қаражатты өтеген кезде қаржы агенттігі хабарламасының негізінде субсидиялардың тиісті сомасын есептен шығаруға және Алушының ағымдағы шотына аударуға;

7) қаржы агенттігіне Алушының субсидияланатын кредитінің/лизингінің төлем тәртібіне қатысты деректерді беруге;

8) жобаға мониторинг жүргізу үшін қажетті құжаттарды беруге, қаржы агенттігімен және Алушымен мониторингтік есептерге қол қоюға;

9) осы Шарттың талаптарын орындауға әсерін тигізуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы қаржы агенттігіне уақтылы хабарлауға;

10) осы Шарттың қолданылау мерзімі ішінде кредиттің/лизингтің сомасын және (немесе) кредит/лизинг бойынша сыйақының номиналдық мөлшерлемесін өзгертпеуге;

11) банк/лизингтік компания тарапынан Бағдарламада/Тетікте көзделген өндіріп алынуы мүмкін комиссияларды қоспағанда, қаржы агенттігінің уәкілетті органы қолданыстағы кредитті/қаржылық лизинг шартын субсидиялау туралы шешім қабылдаған жағдайда, Алушыға ағымдағы қаржы жылы бұрын алынған комиссияларды, алымдарды және (немесе) өзге де төлемдерді өтеуге міндетті. Бұл ретте осы комиссиялар, алымдар және/немесе өзге де төлемдер қаржы агенттігінен қол қойылған Шартты алған күннен бастап 3 (үш) ай ішінде Алушыға өтелуге жатады. Уақтылы өтемеген жағдайда, қаржы агенттігі бұл фактіні анықтаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз күн) өткеннен кейін, қаржы агенттігінің талабы бойынша қаржы агенттігіне 100 (жүз) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді;

12) Алушы кредит/лизинг бойынша негізгі борышты мерзімінен бұрын ішінара/толық өтеген жағдайда, қаржы агенттігіне кредит/лизинг бойынша негізгі борыштың мерзімінен бұрын ішінара/толық өтелуі фактісі туралы хабарлауға міндетті.

Алушының кредиті/лизингі бойынша негізгі борыш мерзімінен бұрын ішінара өтелген жағдайда, банк/лизингтік компания банктік қарыз шартына/қаржылық лизинг шартына қосымша келісім жасаған кезде қаржы агенттігіне негізгі борышты ішінара өтеу күнінен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде төлемдерді өтеу кестесін өзгерте отырып, субсидиялау шартына тиісті қосымша келісімді қоса берумен банктік қарыз шартына/қаржылық лизинг шартына қосымша келісімнің көшірмесін жолдайды;

13) қаржы агенттігінен субсидиялар сомасын атаулы аудару туралы хабарлама алмаған жағдайда, Алушыға сыйақы мөлшерлемесін толық көлемде өтеу туралы хабарлауға;

14) субсидиялау мерзімі үш жыл болатын Бағдарлама шеңберінде 2018 жылғы 27 қаңтарға дейін мақұлданған жоба бойынша осы Шарттың 15-тармағының 2) тармақшасына сәйкес келіп түскен Алушының өтінімін қарау нәтижесі оң болған кезде, күнтізбелік 60 (алпыс) күннен кешіктірмей субсидиялау шартының қолданылу мерзімін ұзарту туралы өтініш жасауға міндетті.

17. Банк/лизингтік компания:

1) қаржы агенттігінен осы Шарттың шеңберінде көзделген субсидияларды уақтылы аударуды талап етуге;

2) Субсидиялау қағидаларының 109-тармағында белгіленген фактілердің негізінде қолданыстағы кредит бойынша субсидиялау тоқтатылған жағдайда

Алушыға бұрын қолданыста болған қаржыландыру шарттарын (оның ішінде сыйақы мөлшерлемесін, комиссияларды, алымдарды және (немесе) басқа төлемдерді) белгілеуге;

3) қолданыстағы кредит бойынша субсидиялау мерзімі аяқталған жағдайда Алушыға ол бұрын төлеген және банк/лизингтік компания қайтарған комиссияларды, алымдарды және (немесе) басқа төлемдерді қоспағанда бұрын қолданыста болған қаржыландыру шарттарын белгілеуге құқылы.

4. Шарттың қолданылу мерзімі

18. Осы Шарт субсидиялау мерзімінің басталуын ескере отырып, Тараптар оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және 20__ жылғы _____ қоса алғанда, ал орындалмаған міндеттемелер бөлігінде олар толық орындалғанға дейін қолданылады.

19. Қаржы агенттігі осы Шарттың 13-тармақ 9) тармақшасында көзделген фактілер анықталып, субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылданған жағдайда осы Шартты біржақты тәртіппен бұзады.

5. Жауапкершілік

20. Осы Шарт бойынша Тараптар осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамағаны және (немесе) тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жауапты болады.

21. Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына және банктік қарыз шартына/қаржылық лизинг шартына сәйкес кредитті/лизингті уақтылы және толық қайтару бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамағаны және сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бір бөлігін өтемегені үшін банктің/лизингтік компанияның алдындағы барлық жауапкершілікті Алушы көтереді. Бұл ретте осындай жауапкершілік ешбір жағдайда қаржы агенттігіне жүктеле алмайды.

6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

22. Егер орындау еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және тойтаруға болмайтын жағдайлардың (зілзала құбылыстары, әскери іс-шаралар, форс-мажорлық жағдайлар) салдарынан мүмкін болмаса, Тараптар осы Шарт бойынша өздерінің міндеттерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

23. Еңсерілмейтін күш, яғни төтенше және тойтаруға болмайтын жағдайлар туындаған кезде осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін

болмайтын Тарап осындай жағдайлар орын алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде басқа Тарапқа осындай жағдайлар туралы уақтылы хабарлайды. Бұл ретте форс-мажор жағдайларының сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталады.

24. Уақтылы хабарлама болмаған жағдайда, Тарап басқа Тарапқа хабарламаудың немесе уақтылы хабарламаудың салдарынан келтірілген зиянды өтейді.

25. Еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және тойтаруға болмайтын жағдайлардың туындауы осы Шартты орындау мерзімін олардың әрекет ету кезеңіне ұлғайтуға алып келеді.

26. Егер осындай жағдайлар қатарынан 3 (үш) айдан астам уақытқа созылса, онда кез келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерді одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

7. Дауларды шешу

27. Осы Шартты орындауға байланысты туындаған қандай да бір дау болған жағдайда, кез келген Тарап барлық дауларды келіссөздер арқылы реттеуге күш-жігерлерін салады.

28. Егер туындаған дауды келіссөздер арқылы шешу мүмкін болмаса, осы дау және оған қатысты басқа да мәселелер Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешіледі және реттеледі.

8. Құпиялылық

29. Осы арқылы Тараптар осы Шарттың талаптарына қатысты болатын ақпараттың, банктік құпияның, сондай-ақ қаржылық, коммерциялық және осы Шартты жасасу және орындау барысында өздері алған басқа да ақпараттың құпия болып табылатынымен және осы Шартта және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, үшінші тұлғаларға жария етуге болмайтынымен келіседі.

30. Осы Шартта және Қазақстан Республикасының азаматтық және кәсіпкерлік заңнамаларында тікелей көзделген жағдайларда Тарап құпия ақпаратты үшінші тұлғаларға бере алады, оны жариялай немесе басқа да жолмен тарата алады.

31. Тараптар осы Шарттың бар екенін және оның талаптарының құпиялылығын сақтау үшін барлық қажетті шараларды, оның ішінде құқықтық сипаттағы шараларды қабылдайды. Тараптардың лауазымды адамдарына және жұмыскерлеріне осы Шартты іске асыру барысында алынған мәліметтерді үшінші тұлғаларға жария етуге не беруге тыйым салынады.

32. Кез келген Тарап осы Шарттың талаптарын бұза отырып құпия ақпаратты жария еткен не таратқан жағдайда, Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

9. Қорытынды ережелер

33. Осы Шартқа қол қоюмен Алушы қаржы агенттігіне:

1) қаржы агенттігінің субсидиялау жүзеге асырылатын осы Кредит шарты шеңберінде алынған ақпарат пен құжаттарды, оның ішінде банктік және коммерциялық құпияны мүдделі үшінші тұлғаларға Алушының алдын ала жазбаша келісімінсіз беруіне;

2) қаржы агенттігінің бұқаралық ақпарат құралдарында Алушының атауын, жоба іске асырылатын өңірдің атауын, Алушы жобасының атауы мен сипаттамасын, сондай-ақ саласын жариялауына келісім береді.

34. Алушы қаржы агенттігіне мыналарды мәлімдейді және оларға кепілдік береді:

1) осы Шартта көрсетілген растаулар мен кепілдіктердің шынайы екенін және шындыққа сәйкес келетінін растайды;

2) қаржы агенттігі көрсетілген растаулар мен кепілдіктердің шындыққа сәйкес келетінін тексеруге міндетті емес;

3) Алушы өз бизнесіне, қаржылық жағдайына, активтеріне және өзінің міндеттемелері бойынша жауап беру қабілетіне кері әсерін тигізуі мүмкін ешқандай жағдайлардан хабардар емес.

35. Осы Шарттың ережелері өзгеруі және (немесе) толықтырылуы мүмкін. Осы Шартта көзделген жағдайларды қоспағанда, Тараптардың келісімі бойынша жазбаша нысанда жасалған және Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған өзгерістер мен толықтырулар ғана Тараптар үшін жарамды және міндетті болып танылады.

36. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде ____ (_____) данадан заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде ____ (_____) бірдей данада жасалды.

10. Тараптардың заңды мекенжайлары, банктік деректемелері және қолдары

Қаржы агенттігі "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы

Банк/лизингтік компания

Алушы

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы
 _____ қаласы _____ қаласы _____ қаласы
 _____ көшесі _____ көшесі _____ көшесі
 телефоны _____ телефоны _____ телефоны _____
 БСН _____ БСН _____ БСН _____
 ЖСК _____ KZ _____ ЖСК _____ KZ _____
 БСК _____ БСК _____
 КБЕ _____ КБЕ _____
 " _____ " АҚ " _____ " АҚ/ЖШС

Субсидиялау шартына
 қосымша
 Нысан

Субсидиялау шартына өтеу кестесі

Сәйкестендіру коды: (IBAN форматындағы бірегей 20 таңбалы код)

Негізгі борышты өтеу күні	Негізгі борыштың қалдық сомасы	Негізгі борышты өтеу сомасы	Қаржы агенттігі төлейтін сыйақы сомасы	Алушы төлейтін сыйақы сомасы	Есептелген сыйақы сомасының жиыны

Қаржы агенттігі "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы

Банк/лизингтік компания

Алушы

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы Қазақстан Республикасы
 _____ қаласы _____ қаласы _____ қаласы
 _____ көшесі _____ көшесі _____ көшесі
 телефоны _____ телефоны _____ телефоны _____
 БСН _____ БСН _____ БСН _____
 ЖСК _____ KZ _____ ЖСК _____ KZ _____
 БСК _____ БСК _____
 КБЕ _____ КБЕ _____
 " _____ " АҚ " _____ " АҚ/ЖШС

Қазақстан Республикасы
 Ұлттық экономика министрінің
 2019 жылғы 6 наурыздағы
 № 18 бұйрығына
 3-қосымша
 Нысан

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық экономика министрінің 29.05.2019 № 46 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

№ _____ кепілдік шарты

_____ қаласы

20__ жылғы "___" _____

Бұдан әрі "Кепілгер" деп аталатын "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры"
акционерлік қоғамы атынан _____ негізінде әрекет
ететін

_____, бір тараптан,
бұдан әрі "банк" деп аталатын " _____ " акционерлік қоғамы
атынан

_____ негізінде әрекет ететін _____, екінші
тараптан және

бұдан әрі "Кәсіпкер" деп аталатын _____

_____ (Кәсіпкердің толық атауы) атынан _____

_____ негізінде әрекет ететін _____,
үшінші тараптан

бұдан әрі бірлесіп Тараптар, ал жеке-жеке жоғарыда көрсетілгендей немесе "
Тарап" деп аталатындар:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522
қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234
қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде шағын және орта кәсіпкерлік
субъектілерінің кредиттер бойынша кепілдік беру қағидаларына (бұдан әрі –
Кепілдік беру қағидалары);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 11 желтоқсандағы № 820
қаулысымен бекітілген Басым жобаларға кредит беру тетігіне (бұдан әрі - Тетік)
сәйкес осы үлгілік Кепілдік шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Бағдарламада,
Кепілдік беру қағидаларында және Тетікте айқындалған.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарт талаптарында Кепілгер банк алдында Қарыз алушының
есептелген сыйақының, комиссияның, тұрақсыздық айыбының, өсімпұлдың,
айыппұл санкцияларының, борышты өндіріп алу бойынша сот шығасыларын,
Қарыз алушының банк пен Қарыз алушының арасында жасалған кредит шарты

бойынша міндеттемелерді орындамауынан және (немесе) тиісінше орындамауынан туындаған банктің басқа да шығындарының сомасын есепке алмай, негізгі борыштың бір бөлігін төлеу бойынша міндеттемелерді орындауы үшін жауап беруге міндеттенеді:

1) кредит шартының атауы мен нөмірі: _____;

2) кредит шартын жасау күні: _____;

3) кредит сомасы: _____;

4) кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі:
_____;

5) кредит мерзімі: _____;

Кредитті мақсатты пайдалану: _____.

Осы тармақтағы мәліметтер кредит шартының талаптарына сәйкес көрсетіледі.

3. Кепілгердің осы Шарт бойынша банк алдындағы жауапкершілігі _____

(_____) теңге _____ тиын мөлшеріндегі кепілдік сомасымен шектелген, бұл негізгі борыш сомасынан _____ % құрайды.

4. Кепілгердің Кепілдік бойынша міндеттемесінің мөлшері Кепілгер орындаған талап сомасына азайтылады.

5. Кредит желісінің жаңартылмайтын лимиті бойынша негізгі борышты өтеу/ ішінара өтеу кезінде кепілдік сомасы кепілдік сомасының негізгі борыш сомасына пайыздық мәндегі қатынасы ретінде қатысу мөлшеріне көбейтілген негізгі борышты өтеу сомасына тең сомаға азайтылады. Кредит желісінің жаңартылатын лимиті бойынша кепілдік сомасы кредит шартында көрсетілген қолжетімділік кезеңі өткеннен кейін жасалған негізгі борышты өтеу сомасына пропорционалды азайтылады.

6. Кепілдік Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын қайтару бойынша міндеттемесін орындамаған жағдайда ғана орындалуы тиіс. Талап қою және Кепілдікті орындау тәртібі осы Шартпен белгіленеді.

7. Осы Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы банкке Кепілгерге Қарыз алушыға, кредит шартына және оның орындалуына қатысты ақпаратты, оның ішінде кредит шарты бойынша өтелген сомалар туралы, кредит шарты бойынша қарыз берешегінің қалдығы туралы мәліметті ұсыну құқығын береді. Сондай-ақ Қарыз алушы Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" заңнамасына сәйкес өзі туралы дербес деректерді жинауға және өңдеуге кері қайтарып алусыз және шартсыз келісімін береді.

8. Осы Шартқа қол қою арқылы Қарыз алушы Кепілгердің Кепілгер акционеріне және мемлекеттік органдарға мына мәліметтерді ұсынуына келісім береді: Қарыз алушының атауы, Қарыз алушының Бағдарламаға қатысуы, Қарыз алушы жобасының атауы, Қарыз алушы жобасын іске асыру өңірі мен саласы, кредит сомасы мен мерзімі, кепілдік сомасы, кредит бойынша сыйақы мөлшерлемесі, кепілдік бойынша комиссия мөлшері. Сондай-ақ Қарыз алушы Кепілгерге осы тармақта аталған мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде Кепілгердің интернет – ресурсында жариялауға құқық береді.

9. Қарыз алушының кредит шарты бойынша міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету ретінде мүлік, құқықтар, кепілдік, тапсырмалар және кредит шартында Қарыз алушының міндеттемелерін орындауды қамтамасыз ету ретінде көрсетілмеген және (немесе) кредит шартына және (немесе) Кепіл шартына Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз енгізілген басқа да нысандар қолданылмайды.

Осы талапты орындамау кепілдікті тоқтатуға алып келеді, ал кепілдікті Кепілгер толығымен немесе ішінара орындаған жағдайларда – банктің Кепілгерге кепілдік бойынша алынған барлық соманы Кепілгердің жазбаша талабын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қайтару міндеттемесі.

10. Кредит шартында Қарыз алушының міндеттемесін орындауды қамтамасыз ету ретінде қолданылатын мүлік Кепілгердің алдын ала жазбаша келісіміз алынып тасталмайды.

Осы талапты орындамау кепілдікті тоқтатуға алып келеді, ал кепілдікті Кепілгер толығымен немесе ішінара орындаған жағдайларда – банктің Кепілгерге кепілдік бойынша алынған барлық соманы Кепілгердің жазбаша талабын алған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде қайтару міндеттемесі.

11. Кредит шарты бойынша қамтамасыз ету ретінде қабылданған мүлік Кепілдік шарты қолданылатын мерзім ішінде Қарыз алушының және (немесе) үшінші тұлғалардың басқа міндеттемелері бойынша қамтамасыз ету ретінде қолданылмайды (Кепілгермен жазбаша келісілген жағдайларды қоспағанда).

12. Кепілдіктің жарамдылығының міндетті шарты Кепілгердің мынадай талаптарды орындауы болып табылады:

- 1) _____;
- 2) _____;
- 3) _____.

Осы тармақшаға мәліметтер Кепілгердің уәкілетті органының талаптарына сәйкес толықтырылады.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

13. Кепілгер банк талабын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде осы Шарт талаптарымен банкке кепілдік бойынша төлемдерді төлеуге міндетті.

14. Кепілгер:

1) банк пен Қарыз алушыдан осы Шартта белгіленген міндеттемелерді орындауын талап етуге;

2) банктен Қарыз алушының кредитті мақсатты пайдалануын бақылауды және банк пен Қарыз алушының осы Шартты және (немесе) кредит шартын орындауына мониторинг жүргізуін жүзеге асыру үшін қажетті толық әрі дұрыс ақпаратты, сондай-ақ осы Шартқа байланысты өзге де қажетті ақпаратты, оның ішінде Кепілгер өкілдерінің банктік, коммерциялық және өзге де заңмен қорғалатын құпияны сақтау бойынша талаптарын сақтай отырып, банкке баруы арқылы алуға;

3) жобаны іске асыру барысын тексеру мақсатында кредит шарты бойынша қаржыландырылған Қарыз алушының жобасын іске асыру орнына баруға;

4) егер:

Кепілгерге осы Шарт талаптарына сәйкес ұсынылған кепілдік сомасы аясында кепілдік бойынша міндеттемелерді орындау туралы талапты (бұдан әрі – талап) банк дұрыс қоймаса, банк қойылған талаптағы құқық бұзушылықтарды анықтағанға дейін;

Кепілгер осы Шарт аясында жүргізетін мониторинг барысында осы Шарттың 5-бөлімінде көрсетілген осы Шарт талаптарын бұзу банкке жазбаша дәлелді бас тарту жіберу арқылы анықталған болса мұндай талапты орындаудан бас тартуға;

5) банк талаптарына қарсы Қарыз алушы борышын мойындаған және (немесе) Қарыз алушы банкке өз қарсылығын білдіруден бас тартқан жағдайда Қарыз алушы ұсынуы мүмкін талаптарды қоюға;

6) Қарыз алушы мен банктен Кепілгердің сұрау салуы алынған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Қарыз алушының кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындауы, оның ішінде жасалған кредит шарты талаптарының бұзылғандығы туралы ақпаратты ұсынуын талап етуге;

7) банктен банктің Қарыз алушыға талап қою құқығын куәландыратын құжаттар мен ақпараттарды ұсынуын және Кепілгерге осы талаптарды қамтамасыз ететін құқықтарды осы Шартта белгіленген көлемде беруін талап етуге (Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда);

8) Қарыз алушыдан Кепілгерге кепілдік бойынша төленген соманы толық көлемде өтеуін және Қарыз алушы үшін жауапкершілігіне байланысты келтірілген өзге де шығындарды өтеуін талап етуге (Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда);

9) Қарыз алушының кез келген шоттарынан осы Шарт бойынша туындайтын берешек сомасын Қазақстан Республикасының банк және азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен акцептсіз тәртіппен өндіріп алуға (шегеруге) не Қарыз алушының банкте ашылған банктік шоттарынан ақшаны банктік шоттарды тікелей дебеттеу арқылы шегеруге құқылы. Қарыз алушының банктік шоттарын тікелей дебеттеу үшін осы Шарт көшірмесі және Қарыз алушының Кепілгер алдындағы берешегін растайтын құжаттардың көшірмелері негіз болып табылады. Бұл Қарыз алушының банкте ашылған шоттарын тікелей дебеттеу арқылы төлемдерді жүзеге асыруға келісімі болып табылады;

10) осы Шарт талаптарын тиісінше және (немесе) уақтылы орындамау фактілерін анықтаған кезде Кепілдік сомасын және (немесе) мерзімін азайту;

15. Қарыз алушы:

1) банкке растайтын құжаттарды ұсына отырып, кредитті кредит шартында белгіленген мақсатына сәйкес пайдаланылуына;

2) банктің және (немесе) Кепілгердің бірінші талабы бойынша оның өкілдеріне кредиттің мақсатына сәйкес пайдаланылуына, оның қамтамасыз етілуіне және Қарыз алушының қаржылық – шаруашылық қызметіне оның өндірістік (сауда) объектілерін тікелей қарап шығу және (немесе) банкке және (немесе) Кепілгерге қажетті талаптармен (мерзім, көлем) қаржылық-шаруашылық қызмет туралы құжаттар мен ақпараттарды ұсыну арқылы тексеру жүргізу мүмкіндігін беруге;

3) кредит шартының талаптарын бұзған күннен кейінгі 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Кепілгерге кредит шартын барлық бұзулар туралы, оның ішінде кредитті пайдаланғаны үшін негізгі борыштың және (немесе) сыйақының сомасын төлеу (қайтару) мерзімін ұзарту туралы, сондай-ақ Қарыз алушының кредит шарты бойынша өз міндеттемелерін орындауына әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін барлық жағдайлар туралы жазбаша хабарлауға;

4) банк кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау туралы талап қойған жағдайда, өз міндеттемелерін тиісінше орындау үшін орын алып отырған жағдайда барлық ақылға қонымды және қолжетімді шараларды қабылдауға;

5) Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда Кепілгерге Кепілгер кепілдік бойынша жасаған төлемдердің сомасын толық көлемде өтеуге және (Кепілгердің тиісті талабы болған кезде) Кепілгер банкке кепілдік бойынша соманы аударған күннен бастап, Қарыз алушы кредит шартында көрсетілген мөлшерлеме бойынша банкке кепілдік бойынша төлеген сомадағы ақшаны Кепілгерге нақты қайтарған күнге дейін Қарыз алушының Кепілгер алдындағы берешегінің сомасына есептелген сыйақыны төлеуге, сондай-ақ Қарыз алушы үшін жауапкершілікке байланысты Кепілгерге келтірілген өзге де шығындарды Кепілгер талаптарында көрсетілген тәртіппен

және мерзімдерде өтеуге міндетті. Кепілгердің осы Шартта көрсетілген банктік шотына ақша аудару күні Қарыз алушының Кепілгерге ақшаны нақты қайтару күні болып саналады;

6) Кепілгерден кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау, оның ішінде жасалған кредит шартының талаптарын бұзуға жол беру туралы жазбаша сұрау салуын алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Кепілгерге сұрау салуда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысанда ұсынуға;

7) банктік деректемелері және (немесе) орналасқан орны өзгерген кезде 3 (үш) жұмыс күні ішінде банк пен Кепілгерге жазбаша хабарлауға;

8) Кепілгердің шешімі бойынша кредит шарты бойынша сатып алынатын жылжымалы мүлікті сақтандыруды жүзеге асыруға;

9) осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған және (немесе) тиісінше орындамаған жағдайда Кепілгер алдында өзінің барлық мүлкімен жауап беруге;

10) Кепілгердің келесі талаптарын орындауға міндетті:

_____;

_____;

_____.

Осы тармақшаға мәліметтер Кепілгердің уәкілетті органының талаптарына сәйкес әр жоба үшін жеке толықтырылады.

16. Қарыз алушы Бағдарламаның іске асырылуына мониторинг жүргізу мақсаттары үшін Кепілгерге Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінен Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес салықтық құпия болып табылатын мына:

1) қаржы агенттігінің Қарыз алушы кірісінің өсу серпінін айқындауы үшін кірістер;

2) қаржы агенттігінің Қарыз алушының жұмыс орындарының орташа жылдық санының өсуін айқындауы үшін жұмыскерлер саны;

3) қаржы агенттігінің Қарыз алушының бюджетке салық төлемдерінің ұлғаю серпінін айқындауы үшін салық төлемдері сомасы туралы мәліметтерді Кепілгерге ұсынуға келісім беру туралы өтініш беруге құқылы.

17. Банк:

1) кредит шартының талаптары өзгерген кезде (Кепілгер жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де жағымсыз салдарға алып келмейтін) ол туралы тез арада, бірақ кез келген жағдайда кредит шартына өзгерістер енгізген күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, жазбаша түрде Кепілгерді хабардар етуге міндетті.

Кредит шартына Кепілгер жауапкершілігінің ұлғаюына немесе Кепілгер үшін өзге де жағымсыз салдарға алып келетін өзгерістер енгізген кезде банк Кепілгерден осы өзгерістерді енгізуге алдын ала жазбаша келісім алуға міндетті.

Кредит шартына Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз Шарттың осы тармақшасының екінші бөлігінде көрсетілген өзгерістерді енгізген жағдайда кепілдік тоқтатылады;

2) Кепілгерден кредит шарты бойынша міндеттемелерді орындау, оның ішінде жасалған кредит шартының талаптарын бұзу туралы ақпаратты ұсыну туралы жазбаша сұрау салу алған кезде оны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Кепілгерге сұрау салуда көрсетілген ақпаратты жазбаша нысанда ұсынуға;

3) 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде Кепілгерді Қарыз алушының кредит шарты бойынша өз міндеттемелерін толық көлемде орындауы туралы жазбаша ақпараттандыруға (соның ішінде міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындаған жағдайда да);

4) осы Шартта белгіленген жағдайларда осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде Кепілгерге ақшаны қайтаруды жүзеге асыруға;

5) Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемені орындаған жағдайда банк Кепілгерден алған барлық сома кредит шарты бойынша негізгі борышты өтеу үшін 10 жұмыс күні ішінде жіберіледі;

6) Кепілгер кепілдік бойынша міндеттемелерін орындаған жағдайда, осы Шарттың 32-тармағын орындағаннан кейін 20 (жиырма) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде Кепілгерге банктің Қарыз алушыға талап қою құқығын куәландыратын құжаттар мен ақпаратты беруге және Кепілгерге осы талаптарды қамтамасыз ететін құқықтарды осы Шартта белгіленген көлемде беруге міндетті. Банк құжаттары Кепілгерге түпнұсқамен, оны жасау мүмкін болмаған жағдайда – нотариаттық куәландырылған көшірмелер түрінде беріледі. Құжаттарды банктен Кепілгерге беру құжаттарды қабылдау-тапсыру актісін жасала отырып жүзеге асырылады;

7) Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борышты төлеу міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде мониторинг жүргізу үшін Қарыз алушының кредиттік құжаттамаларына қол жеткізу құқығын беруге;

8) Кепілгерге Кепілгер кепілдікті орындау нәтижесінде алған құқықтарды жүзеге асыруына кедергі келтірмеуге;

9) осы Шартта бекітілген басқа да міндеттемелерді тиісінше орындауға міндетті.

18. Банк:

1) Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борышты төлеу міндеттемелерін орындамаған/тиісінше орындамаған жағдайда Кепілгерге осы Шартта белгіленген тәртіппен және мерзімде талап қоюға;

2) Кепілгер мен Қарыз алушыдан осы Шартта көзделген өзге де міндеттемелерді орындауын талап етуге;

3) Кепілгер шешімі бойынша кепілдікті тоқтатқан/кепілдіктің қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда банк қолданыстағы кредит бойынша Қарыз алушыға осы Шартты жасағанға дейін қаржыландырудың осыған дейін қолданылған талаптарын (соның ішінде сыйақы мөлшерлемесі, комиссиялар, алымдар және (немесе) өзге де төлемдер мен талаптар)/жаңа кредит берген жағдайда – банк қалауы бойынша қаржыландырудың стандартты талаптарын белгілеуге құқылы.

19. Осы Шартты орындау кезінде банк Кепілгер алдындағы өз міндеттемелерін Кепілгер банкке Қазақстан Республикасы Үкіметінің дағдарысқа қарсы/тұрақтандыру бағдарламаларын іске асыру шеңберінде орналастырған қаражаты есебінен азайтуға құқығы жоқ.

4. Кепілдікті орындау тәртібі

20. Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыштың сомасын өтеу міндеттемесін ұдайы орындамаған күннен бастап 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде банк ол туралы Кепілгерге жазбаша хабарлайды, оған Қарыз алушының банк алдында берешегінің бар екендігі туралы анықтама мен банктің Қарыз алушыға мерзімі ұзартылған берешектің өтелгені туралы жіберген жазбаша талаптың көшірмесін қоса бере отырып Кепілдік мөлшері есептелетін негізгі борыш бойынша Кепілгердің берешек мөлшерін бекітуі үшін Кепілдік қалдығының мөлшері көрсетіледі.

21. Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын өтеу бойынша міндеттемелерді орындамаған күннен бастап 120 (жүз жиырма) күнтізбелік күн ішінде банк Қарыз алушыдан және қамтамасыз етуді берген адамдардан мерзімі өткен берешекті алу мақсатында өндіріп алуды қамтамасыз етуге айналдыру, Қарыз алушының шоттарына төлем талап-тапсырмаларын қою кепілдігін қоспағанда, банк кепілдігі, үшінші тұлғалардың кепілдіктері/кепілгерліктері бойынша талаптар қою арқылы шаралар қабылдайды.

22. Кепілгерге талап қойғанға дейін банктің Қарыз алушының берешегін өндіріп алу бойынша қабылдаған шараларының нәтижесінде алынған сомалар банктің ішкі құжаттарында бекітілген кезектілікке және кредит шарты мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық және банк заңнамасы талаптарына сәйкес Қарыз алушының берешектерін өтеуге жіберіледі.

23. Егер Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын өтеу міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, Кепілгер осы Шарт талаптарының сақталу тұрғысына мониторинг жүргізеді.

24. Егер Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын өтеу бойынша міндеттемелерін орындамаған күннен бастап 120 (жүз жиырма) күнтізбелік күн ішінде Қарыз алушы кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын өтеу міндеттемелерін орындамаған/тиісті түрде орындамаған жағдайда, банк Кепілгерге талап қоюға құқылы.

25. Талапта мыналар көрсетіледі:

- 1) Кепілдік шартының деректемелері;
- 2) кредит шартының деректемелері;
- 3) Қарыз алушының атауы;
- 4) кепілдік бойынша Кепілгерге төленетін соманың есептемесі;
- 5) ақша аударылуға тиіс банк шотының деректемелері.

26. Талапқа мыналар қоса беріледі:

1) Шарттың 20-тармағына сәйкес жазбаша хабарлама жіберу күніндегі және Кепілгерге кепілдік ұсыну күніндегі кредит шарты аясында Қарыз алушы жобасы бойынша кепіл мүлкінің тізбесі көрсетілген, Қарыз алушының банк алдында берешегінің болуы туралы анықтама;

2) кредит берілген күннен бастап Кепілгерге талап қойылған күнге дейінгі кезең үшін Қарыз алушының банктік шотынан үзінді көшірме;

3) Қарыз алушының кредит қаражатын алғандығын растайтын құжат көшірмесі;

4) Қарыз алушының кредит шарты бойынша міндеттемелерін бұзғаны туралы Қарыз алушыға жіберілген банк талабының (наразылығының) көшірмесі;

5) Қарыз алушының банк талабына (наразылығына) жауабының көшірмесі (болған жағдайда);

6) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, банк қабылдаған кредит шарты бойынша берешекті өндіріп алу шаралары мен қабылданған шаралар нәтижесінде түскен сомалар туралы ақпарат (болған жағдайда);

7) соттың берешекті өндіріп алу туралы шешімінің көшірмесі (болған жағдайда);

8) атқарушы парақтардың көшірмелері (болған жағдайда);

9) кредит шартына қосымша келісімдердің көшірмелері (болған жағдайда);

10) Қарыз алушының банк алдындағы берешегін растайтын өзге де құжаттардың көшірмелері және берешекті өтеу бойынша банк қабылдаған шаралар (болған жағдайда).

27. Талапта көрсетілген сома осы Шарт талаптарына сәйкес келеді, бірақ кез келген жағдайда осы Шарттың 3-тармағында бекітілген кепілдіктің шекті сомасынан аса алмайды.

28. Банк талапты Кепілгерге осы Шартта көрсетілген мекенжайға тапсырыс хатпен жібереді немесе қолма-қол табыстайды.

29. Талапты Кепілгерге Нұр-Сұлтан уақыты бойынша ағымдағы жұмыс күні сағат 16.00-ге дейін ұсынуға болады. Нұр-Сұлтан уақыты бойынша сағат 16.00-ден кейін ұсынылған талап келесі жұмыс күні ұсынылған деп саналады.

30. Банктен талап алған соң, бірақ ол қанағаттандырылғанға дейін кез келген жағдайда Кепілгер Қарыз алушыға жазбаша нысанда осы Шартта көрсетілген мекенжайына тапсырыс хат жіберу арқылы немесе Қарыз алушының қолын қойғыза отырып, қолма-қол табыстау арқылы Қарыз алушыға банктің талап қойғандығы туралы хабарлайды. Хабарлама тапсырыс хатпен жіберілген кезде хабарлама пошта мекемесі берген құжатта көрсетілген күннен кейін 3 (үшінші) күні алынды деп саналады.

31. Кепілгер банк талаптарын және осы Шартта көзделген барлық құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей, сондай-ақ талапқа және ұсынылған құжаттарға қарсылық болмаған кезде банкке талапта көрсетілген сома мөлшерінде төлем жасайды не барлық қарсылықтарды көрсете отырып, банкке хат жібереді.

32. Банк кепілді қамтамасыз етуді іске асыру бойынша жұмыс жүргізеді. Банк Қарыз алушының берешегін өндіру бойынша, оның ішінде қамтамасыз етуді өткізу арқылы шаралар қабылдауы нәтижесінде алынған банктің алған барлық сомасы Кепілгер мен банк арасында мынадай реттілікпен бөлінеді:

- 1) кредит шарты бойынша банк алдындағы сыйақыны өтеу;
- 2) Қарыз алушының банк алдындағы негізгі борышының қалдық сомасын өтеу;
- 3) Қарыз алушының Кепілгер алдындағы берешекті өтеуі;
- 4) Қарыз алушының кредит шарты бойынша банк алдындағы тұрақсыздық айыбын және өзге де берешектерін өтеуі.

Бұл ретте ақша оны банк алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бөліп беріледі.

33. Осы Шарттың 32-тармағын орындағаннан кейін Қарыз алушының Кепілгер алдындағы берешегі өтелмеген/толық көлемде өтелмеген жағдайда, банк кепілдік бойынша міндеттемесін орындаған Кепілгерге банк сатпаған барлық мүліктерді, сондай-ақ Қарыз алушының міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ету ретіндегі кредит шартында көрсетілген барлық кепілдіктер, кепілдіктер беру және өзге де кепіл мүлкі бойынша құқықтарды және Кепілгер орындаған міндеттемелер көлеміндегі қамтамасыз етуді ұсына отырып, шарт

бойынша кепіл ұстаушы ретіндегі банкке тиесілі құқықтарды беруге міндеттенеді.

Осы Шарттың 32-тармағын орындаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде банк Кепілгерге қабылдау-тапсыру актісі бойынша мынадай құжаттарды:

қосымша келісімі бар кредит шартының түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

қосымша келісімі бар қамтамасыз етуді ұсыну туралы шарттардың түпнұсқасы немесе нотариаттық куәландырылған көшірмесі;

кепіл мүлкінің құқық белгілеу құжаттарын және Кепілгердің талабы бойынша өзге де құжаттарды беруге міндеттенеді.

5. Шарттың жарамдылық мерзімі

34. Кепілдік _____ жылғы " ____ " _____ қоса алғандағы мерзімге беріледі

35. Кепілдіктің жарамдылығы мына жағдайлардың кез келгені орын алған кезде тоқтатылады:

1) кепілдікпен қамтамасыз етілген кредит шарты бойынша негізгі борыш сомасын толығымен өтеу;

2) осы Шартта көрсетілген кепілдік мерзімі аяқталған соң;

3) егер Кепілгер жаңа борышкер үшін жауап беруге келісім бермеген болса, кепілдікпен қамтамасыз етілген кредит шарты бойынша борышты басқа адамға аудару;

4) егер кепілдікпен қамтамасыз етілген міндеттемені орындау мерзімі келген кезде банк Қарыз алушы немесе Кепілгер ұсынған тиісті орындауды қабылдаудан бас тартса;

5) Кепілгердің алдын ала жазбаша келісімінсіз жауапкершілікті арттыруға алып келетін немесе алып келуі мүмкін болатын кредит шартының кез келген талаптарын өзгерту;

6) анық емес мәліметтерді (ақпараттарды) және (немесе) құжаттарды ұсыну Қарыз алушының тарапынан алаяқтық әрекеттерінен туындаса және бұл Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында белгіленген тәртіппен дәлелденген жағдайларды қоспағанда, банк Кепілгердің кепілдік беру туралы шешім қабылдауы үшін қажетті анық емес мәліметтерді (ақпараттарды) және (немесе) құжаттарды ұсынған жағдайда;

7) Қарыз алушы және (немесе) банк осы Шарттың 12-тармағында көзделген міндеттемелер мен талаптарды орындамаған немесе тиісті түрде орындамаған жағдайда;

- 8) кредитті мақсатына сай қолданбау деректері анықталған кезде;
- 9) Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында, Бағдарламада және (немесе) осы Шартта көзделген өзге де негіздемелер бойынша.

6. Тараптардың жауапкершілігі

36. Кепілгер банкке талапта көрсетілген соманы уақтылы төлемеген жағдайда, Кепілгер банкке әр мерзімі ұзартылған күн үшін уақтылы төленбеген сомадан 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

37. Банк Кепілгерге осы Шарт талаптарына сәйкес тиесілі кез келген соманы Кепілгерге уақтылы қайтармаған жағдайда банк Кепілгерге әр мерзімі ұзартылған күн үшін уақтылы қайтарылмаған сомадан 0,01 % (нөл бүтін жүзден бір) мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

38. Банк осы Шарттың 17-тармағының 5) тармақшасында бекітілген міндеттемелерді бұзған жағдайда, банк бұзылған күннен бастап Кепілгерге әр мерзімі ұзартылған күн үшін тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда бекітілген бес еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

39. Қарыз алушы осы Шарттың 15-тармағының 3), 5), 6), 7) тармақшаларында және 10) тармағында белгіленген талаптары бұзылған күннен бастап бекітілген міндеттемелерді бұзған жағдайда, Қарыз алушы Кепілгерге әр мерзімі ұзартылған күн үшін тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда бекітілген бір еселенген айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (өсімпұл) төлейді.

40. Тұрақсыздық айыбын төлеу талабы Тарап құқықтарын бұзған Тараптың құқығы болып табылады. Тұрақсыздық айыбын төлеу туралы жазбаша талаптың жіберілуі Тараптың тұрақсыздық айыбын төлеуді талап ету құқығын пайдалануы болып саналады. Тұрақсыздық айыбын төлеу кінәлі Тарапты осы Шарт талаптарын тиісті түрде орындаудан босатпайды.

41. Банк кредит шартының тиісті түрде рәсімделуіне, сондай-ақ кредит беру талаптарының Кепілгердің уәкілетті органының шешімінде көрсетілген талаптарға сәйкес келуіне толық жауапкершілікте болады. Банк тарапынан осы міндеттемелерді бұзған жағдайлар анықталған кезде Кепілгер кепілдіктің күшін жоюды қоса алғанда, жауапкершілік шараларын қолдануға құқылы.

7. Қорытынды ережелер

42. Шартқа енгізілетін барлық өзгерістер мен толықтырулар жазбаша нысанда рәсімделуі, Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қоюы және Тараптардың мөрлерінің бедерімен (болған жағдайда) бекітілуге тиіс.

43. Осы Шартты өзгертуге, бұзуға және орындауға байланысты барлық даулар мен келіспеушіліктерді Тараптар келіссөздер мен талқылаулар жүргізу арқылы шешетін болады, келіссөздер нәтижесінде Тараптар келісімге келе алмаған жағдайда, онда мұндай дау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген сот тәртібінде қаралатын болады.

44. Осы Шарт әрқайсысы тең заңдық күшке ие ____ (_____) бірдей данада қазақ және орыс тілдерінде Тараптардың әрқайсысы үшін ____ (_____) данадан тұрады.

45. Осы Шартта көзделмеген барлық өзге жағдайларда Тараптар Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасын басшылыққа алады.

46. Кредит шартының көшірмесі осы Шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

47. Тараптардың келісімі бойынша Кепілгер осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға тек өз қаражаты аясында ғана жауап береді.

8. Тараптардың заңды мекенжайлары, деректемелері мен қолдары

Қарыз алушы:	Кепілгер:	Банк:
_____ мөр орны (болған жағдайда) Қазақстан Республикасы _____ қаласы _____ көшесі _____ қаласы _____ көшесі телефон _____ БСН _____ ЖСК KZ _____ БСК _____ КБЕ _____ " _____ " АҚ	_____ мөр орны (болған жағдайда) Қазақстан Республикасы _____ қаласы _____ көшесі телефон _____ БСН _____ ЖСК KZ _____ БСК _____ КБЕ _____ " _____ " АҚ	_____ мөр орны (болған жағдайда) Қазақстан Республикасы _____ қаласы _____ көшесі телефон _____ БСН _____ ЖСК KZ _____ БСК _____ КБЕ _____ " _____ " АҚ

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 бұйрығына
4-қосымша
Нысан

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған грант беру туралы № _____ шарт

_____ қаласы 20__ жылғы " __ " _____

Осы Шарт (бұдан әрі – Шарт) мыналардың:

1) "Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі":

_____ атынан
_____ негізінде
әрекет ететін

_____ және

2) "Қаржы агенттігі": "Даму" кәсіпкерлікті дамыту қоры" акционерлік қоғамы
атынан

_____ негізінде әрекет ететін
_____ және

3) Кәсіпкер:

_____ атынан
_____ негізінде
әрекет ететін

_____,
бірлесіп "Тараптар", ал әрқайсысы жеке алғанда "Тарап" немесе жоғарыда
көрсетілгендей аталатындар арасында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522
қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234
қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен
дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды және
бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды іске
асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру
қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік гранттар беру қағидалары) сәйкес
жасалды.

1. Терминдер мен анықтамалар

1. Осы Шартта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар Бағдарламада
және Мемлекеттік гранттар беру қағидаларында айқындалған.

2. Шарттың нысанасы

2. Осы Шарттың талаптары бойынша Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі
кәсіпкерге Бағдарлама шеңберінде бизнес-жобаларды іске асыруға кәсіпкерге
кәсіпкерлік қызметін қолдау үшін грант ұсынады, өз кезегінде, кәсіпкер осы
Шартқа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бизнес-жобаның іс-шаралар
жоспарын іске асыруға арналған грантты пайдалануға міндеттенеді.

3. Шарттың қолданылу мерзімі

3. Шарт Тараптар оған қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және олар осы Шарт бойынша өздерінің міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

4. Гранттың мөлшері мен беру тәртібі

4. Шарт бойынша берілетін грант мөлшері _____ (_____) теңгені құрайды.

5. Грантты беру осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша грант беру кестесіне сәйкес жүзеге асырылады.

6. Әрбір траншты беру осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпкерден траншты беру туралы өтінім ұсынылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде ақшалай қаражатты кәсіпкердің ағымдағы шотына аудару жолымен жүзеге асырылады, өтінімге грант қаражатының одан әрі пайдаланылуын растайтын құжаттар (сатып алу-сату шарттары, ниет шарты, шот-фактура, төлем шоттары және өзге құжаттар) қоса беріледі.

7. Осы Шартта белгіленген талаптарға сәйкес осы Шарт бұзылған жағдайда Бағдарламаның Өңірлік үйлестірушісінің кәсіпкерге ақшалай қаражатты аударуы жүзеге асырылмайды.

5. Грантты пайдалану тәртібі, мерзімдері мен шарттары

8. Кәсіпкер грант қаражатын бизнес-жоба іс-шараларының жоспарына сәйкес пайдаланады.

9. Шарт бойынша кәсіпкерге аударылған ақшалай қаражат кәсіпкердің бизнес-жобасын іске асырумен байланысты нысаналы мақсатқа ие. Берілген гранттың нысаналы пайдаланылуын бақылауды қаржы агенттігі жүзеге асырады.

10. Грант қаражаты есебінен сатып алынған немесе алынған барлық мүлік кәсіпкердің бизнес-жобасының мақсаттарына сәйкес, ал бизнес-жоба аяқталғаннан кейін кәсіпкердің кәсіпкерлік қызметті жүргізуіне пайдаланылуы тиіс.

6. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

11. Шарттың қолданылуы шеңберінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) кәсіпкерге осы Шартта көзделген тәртіппен грант беруге;

2) осы Шартқа сәйкес кәсіпкерлердің бизнес-жобаның іс-шараларын орындауы және қаржы қаражатын пайдалануы туралы қаржы агенттігінің жазбаша есебін қабылдауға;

3) осы Шартта көзделген жағдайларда Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы туралы кәсіпкерге хабарлауға міндеттенеді.

12. Шарттың қолданылуы шеңберінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) Шартта және Қазақстан Республикасының азаматтық, салықтық және қылмыстық заңнамасында көзделген жағдайларда кәсіпкерге грант қаражатын беруден бас тартуға;

2) мониторинг нәтижелерін одан әрі конкурстық комиссияның қарауына одан шығару үшін пайдаланылмаған қаражатты қайтаруды талап етуге;

3) нысаналы мақсаты бойынша пайдаланылмаған қаражаттың қайтарылуын талап етуге құқылы.

13. Шарттың қолданылуы шеңберінде қаржы агенттігі:

1) кәсіпкерден Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындауды және грантты пайдалануда анықталған кемшіліктерді жоюды талап етуге;

2) грантты игеру және нысаналы пайдалану мониторингін, кәсіпкерлердің грантты алған күннен бастап 1 (бір) жыл ішінде бизнес-жобалардың орындалуы бойынша қызметінің мониторингін, кәсіпкерлердің Бағдарлама шарттарын орындауы мониторингін жүргізуге, кәсіпкердің осы Шарттың талаптарын сақтауын тексеруге, оның ішінде қаржы агенттігі өкілдерінің бизнес-жобаны іске асыру орнына кәсіпкерге баруы арқылы тексеруге құқылы. Мониторинг жүргізудің тәртібі мен мерзімдері кәсіпкерлік жөніндегі уәкілетті орган бекіткен Бағдарлама шеңберінде кәсіпкерлікті қаржылық қолдау бағдарламалары шеңберінде іске асырылатын жобаларға мониторинг жүргізу қағидаларымен, сондай-ақ қаржы агенттігінің ішкі құжаттарымен реттеледі;

3) кәсіпкерден Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын материалдарды/құжаттарды талап етуге құқылы.

14. Шарттың қолданылуы шеңберінде кәсіпкер:

1) бизнес-жобаның іс-шараларын уақтылы және тиісінше жүргізуге;

2) қаржы агенттігінің талабы бойынша грантты пайдалану кезінде анықталған кемшіліктерді дереу жоюға;

3) қаржы агенттігінің талабы бойынша Шарт бойынша міндеттемелердің орындалуын растайтын материалдарды және жазбаша түсініктемелерді қаржы агенттігінің жазбаша талабын алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде беруге;

4) қаржы агенттігі сұратқан ақпаратты сұратылған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде ұсынуға;

5) қаржы агенттігіне Шартты орындауға байланысты құжаттарға кедергісіз уақтылы қамтамасыз етуге;

6) тиісті шешім қабылданған күні осы Шартқа сәйкес тағайындалған жауапты тұлғаның ауысуы туралы қаржы агенттігін хабардар етуге;

7) грантты нысаналы бағыты бойынша ғана пайдалануға;

8) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне Шарттың қолданылу мерзімі ішінде барлық деңгейдегі бюджеттерге немесе мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға төлемдер бойынша берешектің жоқтығына кепілдік беруге;

9) Шарттың қолданылу мерзімі аяқталғаннан кейін Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне грант қаражатының пайдаланылмаған бір бөлігін тиісті талаптарды алған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайтаруға;

10) грант қаражаты алынған күннен бастап күнтізбелік 60 (алпыс) күні ішінде бизнес-жобаны іске асыруға жұмсалатын шығыстарды бірлесіп қаржыландыруды қамтамасыз етуге және бизнес-жобаны іске асыруға берілетін грант сомасының кемінде 10 %-ы (он пайызы) мөлшерінде соманы жолдауға;

11) қаржы агенттігі мониторинг жүргізу барысында қаржы агенттігіне жәрдем көрсетуге, қаржы агенттігінің жазбаша сұрауында белгіленген мерзімде мониторинг жүргізу үшін қажетті құжаттарды қаржы агенттігіне ұсынуға, сондай-ақ қаржы агенттігінің өкілдеріне көшпелі мониторингілеуді жүзеге асыру кезінде бизнес-жобаның іске асырылу орнына кедергісіз қол жеткізуді қамтамасыз етуге;

12) Шартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіпкер құрған бизнес-жобаның іс-шараларының орындалуы туралы және қаржы қаражатын қолдану туралы жазбаша есептерді қаржы агенттігіне беруге (бұдан әрі – Жазбаша есептер), атап айтқанда:

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезеңде ағымдағы есепті беруге;

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезеңде қорытынды есепті беруге міндеттенеді.

15. Шарттың қолданылуы шеңберінде кәсіпкер:

1) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінен Шарт бойынша міндеттемелердің тиісінше орындалуын талап етуге;

2) грант қаражатының ағымдағы шотқа уақтылы аударылуын талап етуге құқылы.

16. Бизнес-жобаның уақтылы және тиісті іске асырылуы және грант қаражаттың нысаналы пайдаланылуы мақсатында кәсіпкер ұсынатын Жазбаша есептерге бизнес-жобаны іске асыру шеңберінде көзделген іс-шаралардың/мақсаттардың орындалуын толық көлемде көрсететін, оның ішінде әрбір шаруашылық операцияның мазмұнын көрсететін құжаттар қоса беріледі. Бұл

ретте, қоса берілетін құжаттар реквизиттерін (нөмірі мен күнін) қамтиды, сондай-ақ тігілуі, нөмірленуі, кәсіпкердің басшысы, бухгалтері (болған жағдайда) және кәсіпкердің жауапты тұлғасының қолы қойылған, оның мөрімен (болған жағдайда) расталуы тиіс.

17. Грантты пайдалану қорытындылары бойынша Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі, қаржы агенттігі және кәсіпкер осы Шартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша грант беру туралы шартқа грантты пайдалану актісіне қол қояды.

. 7. Тараптардың жауапкершілігі

18. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

19. Кәсіпкер Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін тиісінше орындамаған, грант қаражатын нысаналы пайдаланбаған, Шарт талаптарын өзгеше бұзған жағдайларда, жазбаша есептерді және (немесе) жазбаша есепке қоса берілетін құжаттарды, Шарт бойынша міндеттемелердің орындалғанын растайтын ақпаратты материалдарды ұсынбаған, уақтылы ұсынбаған, толық көлемде ұсынбаған және (немесе) тиісінше ресімделмеген түрде ұсынған кезде, грантты пайдаланудың анықталған кемшіліктерін дереу жоюдан бас тарту не жалтару немесе қаржы агенттігіне жалған мәліметтерді ұсыну кезінде қаржы агенттігі конкурстық комиссияға және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы және Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен грантты беруден бас тарту/пайдаланылмаған қаражатты қайтаруды талап ету туралы ұсыныспен жүгінуге құқылы.

Шартты бұзу және грант қаражатын қайтару туралы шешімді конкурстық комиссия қабылдайды.

20. Конкурстық комиссияның шешімі негізінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі грант қаражатын қайтару бойынша жұмыс жүргізеді.

21. Шарт Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасында көзделген тәртіппен конкурстық комиссия тиісті шешім қабылдаған күннен бастап бұзылған болып саналады, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі кәсіпкерге конкурстық комиссия шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде міндетті түрде хабарлауы тиіс.

22. Тараптар еңсерілмейтін күш жағдайлары (дүлей құбылыстар, соғыс қимылдары, форс-мажорлық жағдайлар), яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайлар туындаған кезде Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толық орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күш жағдайлары салдарынан өз міндеттемелерін орындамайтын Тарап басқа Тарапты Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кедергілері мен оның әсері туралы дереу хабардар етеді.

8. Дауларды шешу тәртібі

23. Шарттан туындауы мүмкін барлық даулар мен келіспеушіліктер Тараптар арасында келіссөздер арқылы шешіледі.

24. 10 (он) жұмыс күні ішінде келіссөздер жолымен келісімге қол жеткізілмеген жағдайда Тараптар арасындағы дау Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес шешілуге жатады.

9. Шарттың өзге де талаптары

25. Шартқа кез келген өзгерістер мен толықтырулар конкурстық комиссия шешімінің негізінде жазбаша түрде қосымша келісім нысанында ресімделеді және оған Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қояды.

26. Кәсіпкер өзінің пошталық және банктік деректемелерінің өзгергені туралы осындай өзгеріс болған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі мен қаржы агенттігіне хабардар етуге міндеттенеді.

27. Осы Шарт Тараптардың әрқайсысы үшін қазақ және орыс тілдерінде ____ (_____) данадан әрқайсысының заңды күші бірдей қазақ және орыс тілдерінде ____ (_____) бірдей данада жасалды.

10. Тараптардың заңды мекенжайлары деректемелері мен қолдары

Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі	Қаржы агенттігі	Кәсіпкер
_____ мөр орны (_____ болған жағдайда)	_____ мөр орны (_____ болған жағдайда)	_____ мөр орны (_____ болған жағдайда)
Қазақстан Республикасы _____ қаласы _____ көшесі	Қазақстан Республикасы _____ қаласы _____ көшесі	Қазақстан Республикасы _____ қаласы _____ көшесі
телефон _____	телефон _____	_____ қаласы _____ көшесі
БСН _____	БСН _____	_____ көшесі
ЖСК KZ _____	ЖСК KZ _____	телефон _____
БСК _____	БСК _____	БСН _____
КБЕ _____	КБЕ _____	
" _____ " ММ	" _____ " АҚ	

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған грант беру туралы шартқа
1-қосымша
Нысан

Бизнес-жобаның іс-шаралар жоспары

--	--	--	--

№№ р/с	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Аяқтау нысаны

Бағдарламаның
үйлестірушісі

өңірлік

Қаржы агенттігі

Кәсіпкер

_____ мөр орны (_____
болған жағдайда)

_____ мөр орны (_____
болған жағдайда)

_____ мөр орны (_____
болған жағдайда)

Жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға арналған
грант беру туралы шартқа
2-қосымша
Нысан

Грантты беру кестесі

№ р/с	Грантты беру күні	Гранттың нысаналы пайдаланылуы	Грант сомасы

Жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға арналған грант
беру туралы шартқа
3-қосымша
Нысан

Транш беруге арналған өтінім

_____ қаласы

20__ жылғы " __ " _____

Жаңа бизнес-идеяларды іске асыруға арналған грант беру туралы 20__ жылғы " __ " _____ №_____ шарттың (бұдан әрі – Шарт) 5-тармағына сәйкес Шартқа 1-қосымшада көрсетілген бизнес-жобаның іс-шаралар жоспарына сәйкес

_____ бизнес-жобасын іске асыру үшін _____ (_____) теңге сомасында кезекті грант траншын беруді сұраймын.

Грант траншының қаражаты _____
_____ нысаналы бағытына сәйкес пайдаланылатын болады.

Лауазымы

Тегі, аты, әкесінің аты
(болған жағдайда)

(қолы/мөр (болған жағдайда))

Жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға арналған грант

беру туралы шартқа
4-қосымша
Нысан

Бизнес-жоба іс-шараларының орындалуы туралы есеп

№ р/с	Іс-шараның атауы	Орындау мерзімі	Орындаудың нақты мерзімі	Іс-шараның орындалуын растайтын құжаттар

кестенің жалғасы

Шартқа сәйкес меншікті қаражаттың пайдаланылу кезеңі	Меншікті қаражатты пайдаланудың нақты кезеңі	Шарт бойынша меншікті қаражаттың сомасы, теңге	Меншікті қаражатты пайдаланудың нақты сомасы, теңге	Растайтын құжаттар

Бизнес-жоба грантының қаржы қаражатының пайдаланылуы туралы есептің нысаны

№ р/с	Шарт бойынша			Іс жүзінде пайдаланылған сома		Пайдалануды растау үшін ұсынылған құжаттар	
	Нысаналы мақ-саты	Грант сомасы, теңге	Меншікті қаражат сомасы, теңге	Грант, теңге	Меншікті қаражат, теңге	Грант (құжаттың атауы, №, күні)	Меншікті қаражат (құжаттың атауы, №, күні)

кестенің жалғасы

Шарт бойынша іс-шараның атауы	Шарт бойынша орындау мерзімі	Іс жүзінде орындалған күні	Пайдалануды растау үшін ұсынылған құжаттар

Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі

Қаржы агенттігі

Кәсіпкер

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

Жаңа бизнес-идеяларды
іске асыруға арналған грант
беру туралы шартқа
5-қосымша
Нысан

Грант ұсыну туралы 20__ жылғы "___" _____ № ___ шартқа
грантты пайдалану актісі

_____ қаласы

20__ жылғы "___" _____

_____ атынан _____ негізінде

әрекет ететін _____ (бұдан әрі – Бағдарламаның өңірлік
үйлестірушісі) бір тараптан және _____

атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
_____ (бұдан әрі – қаржы агенттігі) бір тараптан және _____
_____ атынан _____ негізінде әрекет ететін _____
_____ (бұдан әрі – кәсіпкер) екінші тараптан, бірлесіп "Тараптар" деп аталатындар төмендегілер туралы осы актіні жасасты:

1. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі кәсіпкерге Шарттың талаптарына сәйкес грантты ұсынды.

2. Кәсіпкердің Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бөлігінде наразылықтары жоқ.

3. Кәсіпкер нысаналы бизнес-жобаны Шарттың талаптарына сәйкес іске асырды.

4. Қаржы агенттігінің кәсіпкерге Шарт бойынша міндеттемелерді орындау бөлігінде наразылықтары жоқ.

Тараптардың қолдары

Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі

Қаржы агенттігі

Кәсіпкер

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

_____ мөр орны (болған жағдайда)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 бұйрығына
5-қосымша
Нысан

Бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыруға арналған грант беру туралы № _____ шарт

_____ (шарт жасалған жер)

20__ жылғы " _____ "

Осы шарт (бұдан әрі – Шарт) бірлесе отырып "Тараптар" деп аталатын:

1) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

_____ атынан

_____ негізінде әрекет ететін,

2) Ұлттық институт:

_____ атынан

Жарғының негізінде әрекет ететін Басқарма Төрағасы _____ және

3) Грант алушы:

_____ атынан
_____ негізінде әрекет ететін
_____ арасында:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 25 тамыздағы № 522 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына (бұдан әрі – Бағдарлама);

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 19 сәуірдегі № 234 қаулысымен бекітілген "Бизнестің жол картасы-2020" бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасының шеңберінде жаңа бизнес-идеяларды және бизнес-инкубациялау шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаларды іске асыру үшін шағын кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік гранттар беру қағидаларына (бұдан әрі – Мемлекеттік гранттар беру қағидалары);

Грант алушының " _____ " жобасы бойынша 20 ____ ж. " ____ " _____ № ____ өтініміне;

конкурстық комиссияның _____ № ____ хаттамасына сәйкес жасалды.

1. Анықтамалар мен түсіндірулер

1. Осы Шартта мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

1) камералық мониторингілеу – жоба іске асырылатын жерге бармай, Грант алушы ұсынатын есептілікті, құжаттар мен ақпаратты және Ұлттық институтта және/немесе кез-келген ашық ақпарат көздерінде бар өзге ақпаратты талдау жолымен тұрақты негізде жобаның іске асырылу барысы мен грант қаражатының нысаналы пайдаланылуын қарастыру бойынша Ұлттық институт жүзеге асыратын іс-шаралар, сондай-ақ Грант алушы Шарт бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелердің орындалуын тексеру және жобаны іске асыру кезінде туындайтын проблемаларды анықтау және анықталған проблемаларды шешуде көмек көрсету;

2) көшпелі мониторингілеу – Ұлттық институттың Грант алушы беретін есептіліктің, құжаттар мен ақпараттың дұрыстығын анықтау, сондай-ақ жобаны іске асыру кезінде туындайтын проблемаларды анықтау мақсатында, жобаны іске асыратын жерге барып, жобаны іске асыру барысын және жобалар бойынша грант қаражатының нысаналы пайдаланылуын қарастыруы және жергілікті жерде анықталған проблемаларды шешуде көмек көрсету;

3) мемлекеттік грант (бұдан әрі – грант) – Грант алушыға бизнес-инкубациялау бағдарламасы шеңберінде индустриялық-инновациялық жобаны іске асыру үшін өтеусіз негізде берілетін бюджет қаражаты;

Осы Шартта пайдаланылатын өзге де терминдер мен анықтамалар Бағдарламада және Мемлекеттік гранттар беру қағидаларында айқындалған.

2. Шарттың мәні

2. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі Грант алушыға " _____ " жобасын іске асыруға өтеусіз негізде грант береді.

3. Ұлттық институт жобаның іске асырылуын мониторингілеуді жүзеге асырады.

4. Грант мынадай мақсаттарға беріледі:

1) негізгі құралдар мен материалдарды сатып алу;

2) материалдық емес активтерді сатып алу;

3) технологияларды сатып алу;

4) олардың инвестицияларын жобаға тарту мақсатында, іске асырылатын жобаны әлеуетті инвесторлар арасында ілгерілетумен байланысты іс-шаралар (осы іс-шараларды қаржыландыру үшін грант сомасынан 10 %-дан аспайтын мөлшердегі сома пайдаланылуы мүмкін);

5) өнімді және/немесе көрсетілетін қызметті ілгерілету мақсатында әлеуетті клиенттерді тартумен байланысты іс-шаралар (осы іс-шараларды қаржыландыру үшін грант сомасынан 20% аспайтын мөлшердегі сома пайдаланылуы мүмкін);

6) жобамен жұмыс істеу нәтижесінде алынған өнімнің және/немесе көрсетілетін қызметтердің жаңа түрлерін шығаруды меңгерумен байланысты шығыстар;

7) жобаны іске асыру барысында жасалған зияткерлік меншікті қорғау (үшінші тұлғалардың қызметтері және мемлекеттік баждарды төлеу);

8) іске асырылатын жобаны консультациялық және инжинирингтік сүйемелдеу – техникалық, технологиялық сипаттағы мамандандырылған қызметтер;

9) "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес рұқсат беру құжаттарын алу;

10) гранттың мақсатына қол жеткізуге тікелей байланысты үстеме шығыстар.

5. Грант қаражатын бөлу Грант алушының ағымдағы банк шотына транш негізінде, жобаны іске асыруға берілетін шығыстарды гранттың көлемінен кемінде 20% мөлшерде бірлесіп қаржыландыру шартымен, Шартқа 1-қосымшада келтірілген күнтізбелік жоспарға сәйкес жүзеге асырылады және осы Шарттың 4-тармағында көрсетілген шығындарды өтейді.

6. Грант бойынша бірінші траншты алу үшін Грант алушыға Грант алушының банк шотынан ақшалай қаражаттың бар екендігі туралы үзінді көшірмені ұсына

отырып, грант сомасынан 20 % мөлшерде ақшалай қаражаттың бар екенін растау қажет.

7. Грантты игеру мерзімі 36 (отыз алты) айдан аспауы тиіс.

8. Грант жаңа немесе айтарлықтай жақсартылған өнім (тауар, қызмет) немесе бизнес-процесс жасау үшін беріледі.

9. Шартқа:

1) осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес күнтізбелік жоспар;

2) осы Шартқа 2-қосымшаға сәйкес шығындар ашып көрсетілген шығыстар сметасы;

3) осы Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жобаның іске асырылуы туралы есеп;

4) осы Шартқа 4-қосымшаға сәйкес Грант алушының бастапқы статистикалық деректерді алуға және таратуға берген келісімі;

5) осы Шартқа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік кірістер саласындағы уәкілетті органдардан салықтық құпия болып табылатын мәліметтер туралы ақпарат алуға Грант алушының өтініші қоса беріледі.

10. Грант қаражаты жылжымайтын мүлік, жер учаскесін сатып алуға және осы бөлімнің 4-тармағында көрсетілмеген мақсаттарға пайдаланыла алмайды.

3. Шарттың қолданылу мерзімі

11. Шарт Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді және олар Шарт бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

4. Грант беру мөлшері мен тәртібі

12. Шарт бойынша берілетін грант мөлшері _____ (_____) теңгені құрайды.

13. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі гранттың бірінші траншын Грант алушының банк шотына күнтізбелік жоспарда белгіленген мөлшерде аударады.

14. Гранттың кейінгі транштарын алу үшін, жобаны іске асырудың кезекті кезеңі аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Грант алушы Ұлттық институтқа күнтізбелік жоспарға сәйкес қаражат аударуға өтінім береді. Ұлттық институт өтінімді талдауды жүзеге асырады және Грант алушы Шарттың талаптарын орындаған жағдайда, ресми хатпен Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне хабарлайды. Өңірлік үйлестіруші Грант алушының Ұлттық институт мақұлдаған өтініміне сәйкес қаражат аударуды жүзеге асырады.

15. Грант алушының жеке ағымдағы банк шоты жобаны іске асырумен байланысты шығындарды жүзеге асыру үшін ғана пайдаланылады. Жеке

ағымдағы банк шотынан алынатын қаражатты Грант алушы тек күнтізбелік жоспарда көзделген шығыстарды өтеу мақсатында ғана пайдаланады.

16. Грант алушы келесі траншты алу құқығын мынадай:

1) гранттың сомасы меншікті қаражат тек Шарттың 4-тармағында көрсетілген іс-шараларды іске асыру мақсаттарында және Шартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес пайдаланылуы тиіс;

2) грант іске асыру кезеңі бойынша жұмыстар уақтылы және Шартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес толық көлемде орындалуы тиіс деген талаптарды сақтай отырып, Шарттың 6-бөлімінде ескерілген, алдыңғы кезең (кезеңдер) бойынша қарастырылған іс-шараларды орындау туралы есептілікті бергеннен кейін алады.

17. Грант алушыға грант қаражатын аудару Шартқа сәйкес кезең-кезеңмен, Ұлттық институттың осы Шарттың 1, 2 және 3-қосымшаларында қарастырылған іс-шаралардың (іс-әрекеттердің) іске асырылуын мониторингілеуінің нәтижелері бойынша жүргізіледі. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі, Ұлттық институттың ұсынымы негізінде нысаналы мақсаты бойынша жұмсалмаған грант сомаларын қайтару бойынша талаптар қою құқығын өзіне қалдырады.

18. Шарт бойынша грант сомасы ұлғайту жағына қайта қарастырылмайды.

19. Шартта көзделген жағдайларда, Грант алушыға аударылған грант сомалары Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің талап етуі бойынша мемлекеттік бюджетке тікелей қолма қол ақшасыз аудару жолымен 10 (он) жұмыс күні ішінде толық көлемде қайтарылуы тиіс.

5. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

20. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) грант қаражатын Грант алушының банк шотына Шарттың талаптарына және күнтізбелік жоспарға сәйкес бөлуді жүзеге асыруға:

Шарт күшіне енген сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде, күнтізбелік жоспарға сәйкес мөлшерлерде;

Ұлттық институттан аударуға келісім туралы ресми хат және Грант алушының өтінімі алынғаннан кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде күнтізбелік жоспарға сәйкес транш негізінде Грант алушының шотына грант қаражатын аударуға.

2) сұрату бойынша Ұлттық институтқа және Грант алушыға жобаны іске асыру шеңберінде қолда бар ақпаратты беріп отыруға міндеттенеді.

21. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі:

1) Грант алушыдан Шарт бойынша оны іске асырудың кез келген кезеңінде жобаға қатысты құжаттар мен ақпаратты сұартуға;

2) Ұлттық институттан Шарт бойынша оны іске асырудың кез келген кезеңінде жобаға қатысты ақпаратты сұратуға;

3) Грант алушы Шарттың талаптарын орындамаған жағдайда, шартты бұзу туралы ұсынымдарды конкурстық комиссияның қарауына шығаруға;

4) конкурстық комиссия шартты бұзу туралы шешім қабылдаған жағдайда, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен грант қаражатын қайтару бойынша іс-шаралар жүргізуге құқылы.

22. Ұлттық институт:

1) Грант алушының:

гранттың нысаналы пайдаланылуын мониторингілеу;

Грант алушының Шарттың талаптарын орындауын мониторингілеу арқылы жобаның іске асырылуын мониторингілеуді жүргізуге;

2) сұрату бойынша жобаны іске асыру шеңберінде Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне және Грант алушыға қолда бар ақпаратты беруге міндеттенеді.

23. Ұлттық институт:

1) Грант алушыдан және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінен Шарт бойынша оны іске асырудың кез келген кезеңінде жобаға қатысты құжаттар мен ақпаратты сұратуға;

2) Грант алушы берген, тиісті кезең/уақыт кезеңі ішінде Шарт бойынша іс-шаралардың орындалуын растайтын құжаттарды, оның ішінде Грант алушының: жеткізілген тауарлар, орындалған жұмыстар, көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеу дерегін растайтын құжаттарды/материалдарды (шарттар, орындалған жұмыстардың актілері, өзге құжаттама) талдауды жүргізуге;

3) өз бетінше де, сол сияқты тәуелсіз сараптамалық ұйымдарды немесе тәуелсіз сарапшыларды тарату арқылы да Грант алушының іс-шараларды және мәлімделген шығындарды орындауын камералық, көшпелі мониторингілеуді жүргізуге;

4) мониторингілеудің қорытындысы бойынша, қол қойылған Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша қаражатты қайта бөлу бөлігінде өзгерістер және (немесе) толықтырулар және Шарттың 12-тармағында көрсетілген сома шегінде жобаны іске асырудың өзге өзгерістерін және (немесе) толықтыруларын енгізу туралы мәселеге бастама жасауға;

5) мониторингілеу сатысында Шарт бойынша іс-шараларының орындалмауы анықталған жағдайда, Грант алушыға Ұлттық институттан хабарлама алған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұзушылықтарды жою туралы талап қоюға;

6) ақшаның нысаналы пайдаланылмауы, құжаттарды бұрмалау, дұрыс ақпарат бермеу, Шарт бойынша жоспарланған іс-шараларды орындамау, есептілікті Шартта белгіленген мерзімдерде ұсынбау фактілері анықталған

жағдайларда, сондай-ақ Грант алушы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған жағдайда, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне шартты бұзу туралы ұсыным енгізуге;

7) Шарт шеңберіндегі талаптар/міндеттемелер орындалмаған жағдайда, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне Грант алушыға жобаны іске асыруға арналған шығындардың бір бөлігін төлеуден бас тарту туралы ұсыным енгізуге;

8) ескертулер анықталған жағдайда, Грант алушыға есептерді пысықтауға қайтарып беруге;

9) меншікті қаражаты есебінен Шартты және/немесе оның кезеңдерін іске асырудың нәтижелерін тәуелсіз сараптауды жүргізу үшін, сондай-ақ қол қойылған Шартқа өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу қажеттігі туралы шешім қабылдау үшін тәуелсіз сараптамалық ұйымды немесе тәуелсіз сарапшыларды тартуға;

10) Грант алушыға қатысты бұзуларды жоюға және Шарттың орындалуын қамтамасыз етуге бағытталған, Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған әсер ету шараларын қолдануға, оның ішінде:

өз бетінше де, сол сияқты тәуелсіз сараптамалық ұйымдарды немесе тәуелсіз сарапшыларды тарату арқылы да Грант алушының іс-шараларды және мәлімделген шығындарды орындауын камералық, көшпелі мониторингілеуді жүргізуге;

Грант алушыдан жоба бойынша Шарттың талаптарына/міндеттемелерге сәйкес аралық және қорытынды есептерді беруін талап етуге;

11) Грант алушыдан Шарттың шеңберінде жобаны іске асырғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде жобаны одан әрі дамыту туралы ақпаратты талап етуге құқылы.

24. Грант алушы:

1) жеке банк шотын ашуға және оны тек жобаны іске асыру мен грант қаражатын пайдалану мақсаттары үшін ғана пайдалануға;

2) қаржылық, әкімшілік немесе шарттық сипаттағы проблемалық мәселелер туындаған кезде және/немесе Шарт бойынша іс-шараларды орындаған кезде, проблемалық мәселелер/іс-шаралар туындаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Ұлттық институтты жазбаша хабардар етуге;

3) Шартта қарастырылған қаражатты жұмсау мерзімдерін және/немесе сомаларын өзгертудің негізделген қажеттілік кезінде, гранттың осыларды өзгерту жоспарланып отырған мақсаттарына қаражатты жұмсау мерзімдері басталғанға дейін 10 (он) жұмыс күні бұрын Ұлттық институтқа және Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне ұсынымдар енгізуге;

4) Шартқа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша есептілікті Ұлттық институтқа уақтылы және белгіленген тәртіппен ұсынып отыруға;

5) Шартқа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес Шартты іске асыру шеңберінде көзделген іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

6) Ұлттық институттың талап етуі бойынша, жобаны іске асыруға қатысты қаржылық және техникалық құжаттарды беруге;

7) Шарттың 6-бөліміне сәйкес есептер бойынша Ұлттық институт берген ескертулерді жойып отыруға;

8) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің талап етуі бойынша Шартта көзделген жағдайларда, оның ішінде Шарт бойынша грант сомасы нысаналы пайдаланылмаған кезде, алынған гранттың сомасын толық көлемде қайтарып беруге;

9) Ұлттық институт хатының негізінде көшпелі мониторингілеуді жүргізу мақсатында Ұлттық институт өкілдерінің Грант алушының аумағына кедергісіз өтуін қамтамасыз етуге;

10) Грант алушы жалпы жобаның іске асырылуына кедергі жасайтын жағдаяттарды не оны одан әрі жүргізудің орынсыздығын анықтаған кезде, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісін және Ұлттық институтты дереу хабардар етуге;

11) Шарттың негізінде алынған қаражаттың және мүліктің Грант алушы осыларға ие болып және пайдаланып отырған басқа қаражаттан және мүліктен бөлек басқарушылық есебін жүргізуге;

12) Ұлттық институттың жобалардың іске асырылуын мониторингілеу рәсімдерін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарымен танысуға;

13) Шартпен байланысты барлық есептерді Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған сәттен бастап кемінде 5 (бес) жыл сақтауға;

14) Грант алушымен үлестес тұлғалардан тауарлар, жұмыстар, қызметтер алған жағдайда, Ұлттық институтқа үлестестік туралы ақпаратты ашуға және беруге;

15) күнтізбелік жоспарда қарастырылған көлемде және мерзімдерде өз қаражатының салынуын қамтамасыз етуге;

16) Шартқа қол қойылған сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімін беруге;

17) Шартта көрсетілген деректеме өзгерген жағдайда, Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісін және Ұлттық институтты мұндай өзгеріс болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етуге;

18) Ұлттық институттың талап етуі бойынша (қажет болған жағдайда) гранттар бойынша шарттарды электронды түрде мониторингілеу жүйесінде жұмыс істеу үшін электрондық цифрлық қолтаңба алуға;

19) күнтізбелік жоспарға сәйкес жобаны іске асыру кезеңінде грант қаражаты есебінен сатып алынған мүлікті иелігінен шығармауға;

20) Ұлттық институт сұрау салған жағдайда, Шарт шеңберінде жобаны іске асырғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде жобаны одан әрі дамыту туралы ақпарат беруге;

21) грант бойынша бірінші транш алу үшін, Грант алушының банк шотынан ақшалай қаражаттың бар екендігі туралы үзінді көшірме беру жолымен гранттың 20% мөлшерінде ақшалай қаражаттың бар екенін растауға;

22) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісін және Ұлттық институтты өзінің деректемелерінің (мекен-жайы, телефоны, банктік деректемелері) өзгергені туралы осындай өзгеріс болған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде хабардар етуге міндеттенеді.

25. Грант алушы:

1) Шарттың талаптарына сәйкес грант алуға;

2) құпия ақпаратты, ноу-хау, өнертабыстар және жаңалық ашулар бойынша ақпаратты қорғау жөнінде тиісті шаралар қабылдауға;

3) грант қаражатын үнемдеу пайда болған кезде, аталған үнемдеуді қайтарып бермей, жобаны одан әрі дамыту мақсаттарына пайдалануға;

4) Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінен және Ұлттық институттан жобаны іске асыру шеңберінде ақпарат сұратуға құқылы.

26. Грант алушы грант қаражаты есебінен алған ақша қаражатын және мүлікті жобаны іске асыруға байланысты емес және Шарт пен оған қосымшаларда осындай ретінде көрсетілмеген өзге мақсаттарда пайдалануға құқылы емес.

27. Грант алушы грант қаражаттарын жылжымайтын мүлік пен жер учаскесін сатып алуға пайдалануға құқылы емес.

28. Жобаны іске асыру кезеңінде Грант алушыға Шартты іске асыру шеңберінде алынған ақша қаражатын және/немесе мүлікті сатуға немесе қандай да бір ауыртпалық салуға тыйым салынады.

29. Грант алушы грант мақсаттарына сәйкес жобаның ақша қаражатын пайдаланғаны үшін, сондай-ақ ұсынылып отырған ақпараттың анықтығына өзіне толық жауапкершілікті қабылдайды

6. Есептілік ұсыну тәртібі мен нысаны

30. Грант алушы күнтізбелік жоспарда көзделген жобаны іске асырудың кезеңдерінің әрқайсысы аяқталғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінің ішінде Ұлттық институтқа Шарттың 1, 2 және 3-қосымшаларына сәйкес жұмыстардың әрбір кезеңін орындау бойынша аралық есептерді және Шарттың 1 және 2-қосымшаларына сәйкес барлық жұмыстарды орындау аяқталғаннан кейін 10 (он)

жұмыс күнінен кешіктірмей қорытынды есепті беруге міндетті. Аралық және қорытынды есептер қағаз түрінде және электронды тасығышта, жұмыстардың орындалу фактісін растайтын барлық құжаттарды қоса бере отырып беріледі.

Грант алушын аралық/қорытынды есепті Шартта көрсетілген мерзімде ұсынбаған жағдайда, осы есептерді ұсыну мерзімі ұзартылған жағдайларды қоспағанда, Грант алушы мерзімі өткен әр күн үшін гранттың соңғы транш сомасының 0,1 % мөлшерінде, бірақ грант сомасының 10 % аспайтын айыппұл төлеуге және Ұлттық институттан хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде аралық/қорытынды есепті ұсынуға міндеттенеді.

31. Грант алушының ұзартудың объективті себептерін көрсете отырып, есеп беру мерзімі басталғанға дейін Ұлттық институттың мекенжайына жазбаша түрде өтініш жіберу арқылы, кезең бойынша есеп беру мерзімін күнтізбелік 20 (жиырма) күнге дейін ұзартуға құқығы бар.

Егер есеп берудің Грант алушы сұрап отырған кейінге қалдыру мерзімі күнтізбелік 20 (жиырма) күннен асатын мерзімді құрайтын жағдайда, Ұлттық институт 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде болжамды кідіртуінің объективтілігін қарайды. Ұлттық институт есеп беру мерзімінің өзгеруімен келіспеген жағдайда, кейінге қалдыру мерзімі кезең аяқталған күннен бастап күнтізбелік 20 (жиырма) күнге дейінгіні құрайды.

32. Аралық есептерінде Грант алушы жобаны іске асырудың тиісті кезеңінде көзделген іс-шаралардың орындалуы бойынша ақпаратты және тиісті кезең мен Шартта көзделген қаражаттың жұмсалуды бойынша ақпаратты көрсетеді.

Аралық есепке Грант алушы осы Шарттың 4-тармағында және 1, 2 және 3-қосымшаларында көзделген мақсаттарға қол жеткізу жөніндегі құжаттарды, оның ішінде Ұлттық институттың жобалардың іске асырылуын мониторингілеу рәсімін реттейтін ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес төлем құжаттарын, сондай-ақ жұмыстардың нақты орындалуын (қызметтердің көрсетілуін) растайтын фото- және/немесе бейнеесептерді ұсынады.

Негізгі құралдарға жататын жабдықты сатып алған кезде, Грант алушы есеппен бірге, бухгалтерлік есеп жүргізілген жағдайда, сатып алынған жабдықтың Грант алушының балансына енгізілуін растайтын бухгалтерлік есептен үзінді көшірмені беруге міндетті.

33. Орындалған жұмыс туралы қорытынды есепте жоба бойынша іс-шаралар көрсетіледі.

Есепке Шарттың 4-тармағында және 1, 2 және 3-қосымшаларында көрсетілген мақсаттарға қол жеткізілуін растайтын құжаттар және материалдар, сондай-ақ:

жұмыстардың нақты орындалуын (қызметтердің көрсетілуін) растайтын фото- және/немесе бейне есептер;

жобаның нәтижелеріне қол жеткізілуін растайтын құжаттар;

жобаны іске асыру нәтижелерінің таныстырылымы (MS PowerPoint форматында) қоса беріледі.

34. Есептерге берілетін құжаттардың көшірмелері нөмірленеді және Грант алушының уәкілетті тұлғасының қолымен расталады.

Шет тілдегі құжатты/құжаттың көшірмесін берген кезде құжаттың/құжаттың көшірмесінің орыс тіліне/мемлекеттік тілге нотариат куәландырған аудармасын қоса беру қажет.

Құжаттың Грант алушыға қайтарылуға тиіс түпнұсқасы берілген кезде, мұндай құжаттар көшірмелерімен салыстырып тексерілгеннен соң, құжат көшірмесінің әр парағына қол қою арқылы Грант алушыға қайтарылады.

35. Егер берілген аралық/қорытынды есеп осы Шарттың 32, 33 және 34-тармақтарының талаптарына сәйкес болмауын анықтаған жағдайда Ұлттық институт анықталған сәйкессіздіктер туралы Грант алушыға аралық есеп алынған күннен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен кешіктірмей және қорытынды есеп алынған күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күнінен кешіктірмей хабарлама жібереді.

36. Грант алушы хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде ұсынылған ескертулерді жояды және Ұлттық институтқа түзетілген есепті және/немесе сұратылған құжаттарды береді.

Түзетілген есепті және/немесе сұратылған құжаттарды беру күні болып, есеп және/немесе құжаттардың Ұлттық институттың электронды мекенжайына келіп түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінің ішінде одан кейін Ұлттық институттың пошта мекенжайына қағаз түріндегі түзетілген есептің және/немесе құжаттардың келіп түсу шартымен, Ұлттық институттың электронды мекенжайына есеп және/немесе құжаттар pdf-форматта келіп түскен күн есептелінетін болады. Грант алушы түзетілген есепті берген күннен бастап, Ұлттық институттың есепті қарау мерзімі қайтадан басталады.

37. Шарт бойынша жобаны іске асыру мерзіміне Ұлттық институттың аралық және қорытынды есептерді қарау және жобаның келесі кезеңін қаржыландыру мерзімі кірмейді.

38. Ұлттық институт Грант алушыдан аралық есепті және осы Шарттың 32-тармағында көрсетілген құжаттарды алған сәттен бастап 22 (жиырма екі) жұмыс күнінен кешіктірмей ұсынылған есептерді және құжаттарды қарайды, одан кейін бағдарламаның өңірлік үйлестірушісіне гранттың келесі траншын аударуға жазбаша келісімін береді.

39. Грант алушы берген қорытынды есепті қарағаннан кейін Ұлттық институт өңірлік үйлестірушіге жобаны іске асыру бойынша жиынтық қорытындысын жолдайды.

40. Қорытынды есептің қабылдануы және жобаның аяқталуы Ұлттық институттың тиісті шешімімен жүзеге асырылады.

41. Есеп бойынша Ұлттық институт пен Грант алушы арасындағы өзара іс-қимыл, қағаз жеткізгіште жазбаша нысанда, сондай-ақ Ұлттық институттың электрондық жүйесі арқылы жүзеге асырыла алады.

7. Құпиялылық

42. Тараптар келесі ақпаратты құпия деп есептеуге келісті: Тараптар арасындағы Шартқа қатысты хат алмасу, шоттар, актілер, Шартқа қатысы бар үшінші тұлғаларға арналмаған және/немесе үшінші тұлғалар үшін ашық қолжетімділікте жоқ кез-келген басқа құжаттама.

Тараптар құпия ақпаратты қорғау үшін қажетті шаралар қолдануға және Ұлттық институттың акционерін, уәкілетті органды, осыларға жоба бойынша ақпаратты жария етуге қолданыстағы заңнаманың талаптары, не жоғары тұрған басқару органдарының актілері немесе тапсырмалары негіз болған өзге мемлекеттік органдарды қоспағанда, оны үшінші тұлғаларға басқа Тараптың алдын ала келісімінсіз жария етпеуге міндеттенеді. Құпиялылық талаптары Шарттың қолданылу мерзімінде және Шарт бойынша қатынастар аяқталғаннан соң 5 жыл ішінде өз күшін сақтайды.

43. Тараптардың ақпараттың құпиялылығына және оны жария етілмеуіне қатысты Шартта көзделген міндеттемелері жалпы қол жетімді ақпаратқа қолданылмайды.

44. Грант алушы осы шартқа қол қоюмен Ұлттық институтқа Грант алушы туралы мәліметтерді бұқаралық ақпарат құралдарында орналастыруға келісім береді.

8. Шартты бұзу талаптары және тәртібі

45. Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі және/немесе Ұлттық институт:

1) Грант алушы айыппұлдарды төлемеген және (немесе) Шартта көзделген мерзімдерде есептерді ұсынбаған;

2) Шарт талаптарына сәйкес жобаның іске асырылуына Грант алушының меншікті қаражатын салуы бойынша (немесе басқа тартылған) міндеттемелері орындалмаған;

3) Грант алушының құжаттарды бұрмалаған немесе дұрыс емес ақпарат ұсынған фактілері анықталған;

4) грант қаражаты мақсатсыз пайдаланылған;

5) Грант алушы Шарт бойынша қабылдаған кейбір міндеттемелерін орындамаған, оның ішінде Шарт бойынша жоспарланған іс-шараларды орындамаған;

6) Грант алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте банкрот болып танылған; банкроттық рәсімі сатысында болған; төлем қабілетсіздігі болған;

7) уәкілетті орган тарапынан жобаны қаржыландыру үшін ақша мөлшерінің тоқтатылуына/азаюына байланысты не жоба бойынша не жалпы мұндай қаржыландыруды тоқтата тұру немесе тоқтату туралы уәкілетті органның немесе бағдарламаның өңірлік үйлестірушісінің уәкілетті органының және Ұлттық институттың актілерінің, шешімдерінің, өкімдерінің қабылдануына байланысты жобаны қаржыландыру үшін жеткілікті қаражат болмаған жағдайда Шартты бұза алады.

46. Шарттың 45-тармағының 1) - 6) тармақшаларына сәйкес Шартты бұзған кезде Грант алушы Ұлттық институт жазбаша талап ұсынған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде бұрын алған грант сомасын қайтаруға және Шартта көзделген айыппұлдарды төлеуге міндеттенеді.

47. Шарттың 45-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Шартты бұзған кезде Грант алушы Ұлттық институтқа Шарттың 6-бөлімінде көрсетілген барлық растаушы материалдар және құжаттармен бірге орындалған іс-шаралар бойынша есепті ұсынады.

48. Шарт Тараптар жазбаша нысанда білдірген өзара келісілген шарттарда не Тараптардың бірінің талабымен сот шешімі бойынша, не Шартта көзделген мән-жайлар пайда болған жағдайда Тараптардың келісімі бойынша мерзімінен бұрын бұзылуы мүмкін.

9. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары

49. Тараптар, егер еңсерілмейтін күш салдарынан орындалуы мүмкін болмаған жағдайда (табиғи құбылыстар, әскери іс-қимылдар, форс-мажорлық жағдайлар), осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайларда жауапкершіліктен босатылады.

50. Еңсерілмейтін күш орын алған жағдайда, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайларда, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін еместігі туындаған Тарап басқа Тарапты осындай жағдайлар туралы оқиға туындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде хабардар етеді. Бұл ретте форс-мажорлық жағдайдың табиғаты, пайда болу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталады.

51. Уақтылы хабарландыру болмаған кезде, бір Тарап екінші тарапқа хабарламау немесе уақтылы хабарламау себебімен келтірілген зиянды өтейді.

52. Еңсерілмейтін күштің, яғни төтенше және ырық бермейтін жағдайлардың орын алуы осы Шарттың қолданылу мерзіміне орындау мерзімін ұзартады.

53. Егер осындай жағдайлар қатарынан 3 (үш) айдан артық жалғасатын болса, кез келген Тарап осы Шарт бойынша міндеттемелерді бұдан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

10. Дауларды шешу тәртібі

54. Тараптар Шартты орындауға қатысты кез-келген даулы мәселелерді, келіспеушіліктерді немесе наразылықтарды келіссөздер арқылы шешу үшін барлық шараларды қабылдайды.

55. Тараптар уағдаластыққа қол жеткізбеген келіспеушіліктер азаматтық заңнамада белгіленген сот тәртібімен шешіледі.

56. Грант алушы және/немесе бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі және/немесе Ұлттық институттың арасында сот ісін жүргізуді талап ететін келіспеушіліктер орын алған жағдайда барлық сот шығасылары мен шығыстар грант қаражаты есебінен төленбейді және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес төлеуге жатады.

11. Шарт талаптарының өзгеруі

57. Шартқа барлық өзгертулер және/немесе толықтырулар Тараптардың өзара келісімі бойынша жүргізіледі және олар жазбаша түрде жасалған және Тараптардың осыған уәкілетті өкілдері қол қойған жағдайда жарамды болады. Мұндай кез-келген өзгерту/толықтыру Шарттың ажырамайтын бөлігі болып табылады.

58. Шартты өзгерту және/немесе толықтыру Грант алушының жазбаша жүгінуінің негізінде және/немесе Шарт бойынша мониторингілеуді жүргізу барысында жүргізіледі.

Бұл ретте, Грант алушының Шартқа өзгерту енгізу қажеттігі туралы Ұлттық институтты хабардар етуінің мүмкін еместігімен байланысты дәлелді себептерді қоспағанда, Шартқа өзгертулер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туралы жүгінуді Грант алушы кезең аяқталуға 20 (жиырма) жұмыс күні қалғаннан кешіктірмей жіберуге тиіс.

59. Ұлттық институт/Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі келесі жағдайларда:

егер жобаны іске асырудың жалпы мерзімі 36 айдан аспайтын жағдайда, сондай-ақ Грант алушыда іс-шараларды кезеңнің мерзімінде іске асырудың

мүмкін еместігімен байланысты дәлелді себептер (жобаны мониторингілеу нәтижелері бойынша қорытындыда қабылданған және көрсетілген) болған кезде, Грант алушы кезеңді/жобаны іске асыру мерзімінен күнтізбелік 1 (бір) айдан аспайтын мерзімге асып кеткен кезде;

Грант алушы жоба қаражатының кезең сомасынан 10 %-дан аспайтынын басқа кезеңге қайта бөлген кезде, әлде шығыстар бабының сомасынан 10 % жоба қаражатын жоба бойынша шығыстардың басқа бабына қайта бөлген кезде, Шартқа өзгертулер енгізбеуге құқылы. Грант алушы Ұлттық институтты жоба қаражатын мұндай қайта бөлуге дейін алдын ала жазбаша хабардар етуге міндетті. Ұлттық институт қайта бөлінген жобаның қаражатын мониторингілеген кезде Ұлттық институттың жобалардың іске асырылуын мониторингілеуді жүргізу бойынша ішкі нормативтік құжаттарды басшылыққа алады.

Жобаның қаражаты мақсатсыз/дәлелсіз қайта бөлінген жағдайда, Ұлттық институт жоба қаражатының бұл қайта бөлуін қабылдамауға құқылы.

60. Шартқа кез-келген өзгертулер және/немесе толықтырулар енгізу жобаның мақсаттары мен міндеттеріне, сондай-ақ жобаны орындау үшін іске асырылатын іс-шараларға сәйкес келуі және гранттың сомасынан асып түспеуі тиіс.

61. Шартқа өзгертулер және (немесе) толықтырулар енгізілген кезде, Ұлттық институт тәуелсіз сараптама жүргізуге құқылы.

62. Грант алушы ұсынған негіздемелердің негізінде, жобаны іске асыру Шартқа өзгертулер және (немесе) толықтырулар күшіне енген кезеңге дейінгі, әлде жобаны одан әрі іске асыру туралы шешім қабылданғанға дейін тоқтата тұруы мүмкін.

12. Қорытынды қағидалар

63. Шартпен реттелмеген қағидалар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шешіледі.

64. Шарт бірдей заңдық күшке ие, Тараптардың әрқайсысы үшін бір-бір данадан, әрқайсысы ___ (___) беттегі қазақ және орыс тілдерінде үш данада жасалды.

13. Тараптардың заңды мекенжайлары, банк реквизиттері және қолдары

Ұлттық институт:
Мекенжайы _____,
Қазақстан Республикасы,
Астана қаласы, _____ көшесі
Телефон _____
БСН _____
ЖСК _____
БСК _____

АҚ _____
Кбе _____
Ұлттық институттың атынан

_____ (қолы) мөр орны (болған жағдайда)
Бағдарламаның өңірлік үйлестірушісі: Мекенжайы _____,

Қазақстан Республикасы, _____ қаласы, _____ көшесі
Телефон _____

Бағдарламаның _____ өңірлік
үйлестірушісінің атынан _____

_____ (қолы) мөр орны (болған жағдайда)

Г р а н т а л у ш ы :
Мекенжайы: _____,
Қазақстан Республикасы,
_____ қаласы

Телефон _____

БСН _____

БСК _____

АҚ _____

Кбе _____

Г р а н т а л у ш ы н ы ң а т ы н а н _____

_____ (қолы) мөр орны (болған жағдайда)

Бизнес-инкубациялау
шеңберінде индустриялық-
инновациялық жобаларды іске
асыруға арналған грант беру
туралы
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 шартқа
1-қосымша

Жобаны іске асырудың күнтізбелік жоспары:

№ р /с	Шарт бойынша жұмыстардың және олардың негізгі кезеңдерінің атауы	Жұмыстарды орындау мерзімі (ай)	Кезеңнің есептік бағасы (теңге)	Есептіліктің нысаны мен түрі
1	2	3	4	5

Бизнес-инкубациялау
шеңберінде индустриялық-
инновациялық жобаларды іске
асыруға арналған грант беру
туралы
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 шартқа
2-қосымша

Шығындардың мағынасын аша отырып шығыстар сметасы

Жұмыстарды орындауға шығындар	Шығындардың сомасы барлығы, теңге	Жұмыстардың кезеңдері	
		1	2
		Шығыстар кезеңі бойынша	Шығыстар кезеңі бойынша

Шығындар - Барлығы:	Шарт бойынша шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде грант қаражатын және Грант алушының меншікті қаражатын бөле отырып көрсетіледі	шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде грант қаражатын және Грант алушының меншікті қаражатын бөле отырып көрсетіледі	шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде грант қаражатын және Грант алушының меншікті қаражатын бөле отырып көрсетіледі	Шығыс операцияларын жүргізуді растайтын құжаттар
оның ішінде баптар бойынша -				
	Шығыстардың бабы бойынша шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде грант қаражатын және Грант алушының меншікті қаражатын бөле отырып көрсетіледі	Шығыстар кезеңі бойынша шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде грант қаражатын және Грант алушының меншікті қаражатын бөле отырып көрсетіледі	Шығыстар кезеңі бойынша шығындардың жалпы сомасы, оның ішінде грант қаражатын және Грант алушының меншікті қаражатын бөле отырып көрсетіледі	(Төлемді жүргізу үшін Грант алушы осыларды _____ банкіне беруге тиіс нақтылы құжаттар көрсетіледі)
		Іс-шаралардың, жұмыстардың және қызметтердің атауы көрсетіледі	Іс-шаралардың, жұмыстардың және қызметтердің атауы көрсетіледі	
		Іс-шаралардың атауы көрсетіледі	Іс-шаралардың атауы көрсетіледі	
Анықтамалық: қаржыландырудың басқа көздерінің есебінен шығындар - Барлығы:				
оның ішінде:				
- меншікті қаражаттар				
- өзге (қандай екенін көрсету керек)				

Ұлттық институттың атынан

(қолы) мөр орны (болған жағдайда)

Грант алушының атынан

(қолы) мөр орны (болған жағдайда)

Бизнес-инкубациялау
шеңберінде индустриялық-
инновациялық жобаларды іске
асыруға арналған грант беру
туралы
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 шартқа
3-қосымша
Нысан

Жобанының іске асырылуы туралы есеп

" _____ "

(жобаның атауы)

_____ кезеңі үшін есеп

(аралық/қорытынды)

1. Жалпы ақпарат:

Есеп беру күні
Грант алушының атауы
Шарттың нөмірі және күні
Гранттың түрі
Гранттың мақсаты
Кезеңнің мақсаты
Гранттың сомасы
Кезеңнің сомасы
Есептіліктің кезеңі
Берілген деректердің сандық және сапалық негіздемелерін баяндай отырып, кезеңнің/гранттық жобаның қол жеткізген нәтижелері
Берілген деректердің сандық және сапалық негіздемелерін баяндай отырып, жоспарланбаған нәтижелер/ауытқулар/ашылулар
Табыстың түйінді факторларын көрсетіп, келесі есептік кезеңнің ішінде жобаның мақсаттарына жетудің мүмкіндіктері
Себептерін көрсете отырып, жоспарланған іс-шаралардағы қажетті өзгертулер

2. Қаражаттың пайдаланылуы туралы есеп

Смета бойынша шығындар баптарының атауы	Шығыстар сметасымен қарастырылған сома	оның ішінде		Жұмсалған сома	Қаражаттың қалдығы	Растайтын құжаттардың атауы	Ескерту/Түсіндірме (ауытқыған жағдайда)
		грант	меншікті қаражаттар				
1	2	3	4	5	6	7	8

Ескерту:

1) Жоба бойынша (оның ішінде меншікті) қаражаттың нысаналы пайдаланылуын растайтын құжаттардың көшірмелерін міндетті түрде қоса беру қажет.

2) Шет тілдегі құжатты/құжаттың көшірмесін берген кезде, құжаттың/құжаттың көшірмесінің жария мүдделі қазақ/орыс тіліндегі нотариалды расталған аудармасын қоса беру қажет.

3) Егер Грант алушы жария мүдделі ұйым болып табылған жағдайда, жоба бойынша қаражатты пайдалану туралы есепке тәуелсіз аудитор не сертификатталған бухгалтер қол қоюы тиіс.

Тәуелсіз аудитор (немесе сертификатталған бухгалтер)

(Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда),

басқа реквизиттері) _____ (қолы)

3. Жобаның қысқаша сипаттамасы

4. Жобаның кезеңі бойынша нақты жүргізілген жұмыстардың сипаттамасы

Осы есепке қол қоюмен, Грант алушы беріліп отырған мәліметтердің, құжаттардың/ құжаттардың көшірмелерінің дұрыстығына кепілдік береді және анық емес мәліметтерді, құжаттарды/ құжаттардың көшірмелерін бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жауапкершілікте болады.

5. Фото, бейне материалдар

Грант алушы

_____ (қолы) мөр орны (болған жағдайда)

Бизнес-инкубациялау
шеңберінде индустриялық-
инновациялық жобаларды іске
асыруға арналған грант беру
туралы
2019 жылғы 6 наурыздағы
№ 18 шартқа
4-қосымша

Бастапқы статистикалық деректерді алуға және таратуға келісім (Өтініш берушінің бланкінде толтырылады (болған жағдайда))

_____ (Грант алушының атауы, жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі, басшысы бойынша деректер көрсетіледі) қажетті кезеңді және көрсеткіштерді көрсете отырып, "Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" акционерлік қоғамына алынған деректерді одан әрі тарату құқығымен, мемлекеттік статистика саласындағы уәкілетті органнан Грант алушының қызметі туралы бастапқы статистикалық деректерді алуына келісімін береді.

Қызметін, тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) ашып көрсету, Грант алушының қолы

_____ (қолы) мөр орны (болған жағдайда)

_____ күні.

Бизнес-инкубациялау
шеңберінде индустриялық-
инновациялық жобаларды іске
асыруға арналған грант беру
туралы
2019 жылғы 6 наурыздағы

Өтініш

Астана қаласы _____ (күні)

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған және қызмет етіп отырған (мемлекеттік қайта/тіркеу туралы № _____ куәлік/анықтама, _____ жылғы _____ қаласының Әділет департаменті берген), Қазақстан Республикасы, _____ мекенжайында орналасқан _____ (Грант алушының толық заңдық атауы (көрсетіледі) атынан, _____ негізінде әрекет етіп отырған _____,

"Технологиялық даму жөніндегі ұлттық агенттік" акционерлік қоғамына (заңды тұлғаны мемлекеттік қайта/тіркеу туралы _____ жылғы _____ № _____ куәлік) мемлекеттік кірістер саласындағы уәкілетті органнан Грант алушының қызметіне қатысты салық құпиясы болып табылатын:

қорларды, тауарларды/қызметтерді импорттау/экспорттау көлемдері туралы мәліметтерді, сондай-ақ салық төлеуші республикалық және/немесе жергілікті бюджетке төлеген (аударған) салықтардың және төлемдердің (корпоративтік табыс салығы, қосылған құн салығы, әлеуметтік салық, дербес табыс салығы бойынша шығыстарды қоса) есептелген сомасы туралы ақпаратты алуына келісімін береді.

Қызметін, тегін, атын, әкесінің атын (болған жағдайда) ашып көрсету, Грант алушының қолы

Қолы, мөр орны (болған жағдайда)